



КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА АУҚЫМЫН ТАЛҚЫЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен Парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобының отырысы өтті.

Жиында Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин Президентке жұмыс тобының атқарған қызметі туралы баяндап, Парламентті трансформациялауға қатысты ұсынылып отырған конституциялық өзгерістердің көлемі ауқымды екеніне назар аударды. Мемлекеттік кеңесші жұмыс тобы мүшелерінің ортақ пікірін жеткізіп, бұл өзгерістер саяси жүйені уақыт талабына сай жаңғыртуға ықпал ететінін айтты.

Президенттің құқықтық мәселелер жөніндегі көмекшісі Ержан Жиенбаев азаматтардан келіп түскен ұсыныстар негізінде Конституциялық реформа жөніндегі жұмыс тобы мүшелері әзірлеген басты тәсілдер туралы баяндады. Атап айтқанда, былтырғы қазан айынан бері өтіп келе жатқан отырыстарда жана Парламентке қатысты мәселелердің бәрі қаралды. Оның ішінде депутаттар саны, өкілеттік мерзімдері, сайлау тәртібі, бір палаталы Парламенттің заң шығару тетіктері, сондай-ақ оның биліктің өзге институттарымен өзара іс-қимыл мәселелері қамтылды.

Парламентаризм институтының директоры Наталья Пан азаматтардан, сарапшылардан, қоғамдық бірлестіктерден e-Otinish және eGov платформалары арқылы келіп түскен ұсыныстар туралы ақпарат берді. Бірнеше ай ішінде саяси партиялардың барлығы, ондаған үкіметтік емес ұйым, бизнес-қоғамдастық өкілдері, құқықтану-



шы ғалымдар мен сарапшылар конституциялық реформаға қатысты өз бастамаларын жолдаған. Парламенттік реформадан бөлек, жұмыс тобына азаматтардан мемлекеттік құрылымның жалпы мәселелері мен саяси және қоғамдық институттарды жетілдіруге қатысты 1,6 мыңға жуық ұсыныс келіп түсті.

Парламент Мәжілісіндегі «АМАНАТ» партиясы фракциясының жетекшісі Елнұр Бейсенбаев және «Ақ жол» партиясының көшбасшысы Азат Перуашев, «Жалпыұлттық социал-демок-

ратиялық партия» фракциясының басшысы Асхат Рахымжанов парламенттік реформа аясында жүзеге асырылатын конституциялық өзгерістердің ауқымды екенін мәлімдеді. Олар өңірлерде Парламент депутаттарының жұмыс кездесулері барысында азаматтардың алдағы саяси реформаға айрықша қызығушылық танытып отырғанын жеткізді. Сондай-ақ жиында Парламент Сенатының Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы Нұрлан Бекназаров, Пар-

ламент Мәжілісінің депутаттары Үнзила Шапақ, Марат Бәшімов, Никита Шаталов, саясаттанушы Бөріхан Нұрмұхамедов пікірін білдірді.

Отырысты қорытындылаған Мемлекет басшысы алдағы конституциялық реформаны талқылау басталғалы бері жарты жылға жуық уақыт өткенін еске салды. Осы кезең ішінде қоғамда елдің жоғары заң шығарушы органын трансформациялаудың мақсаттары мен міндеттеріне қатысты дұрыс түсінік қалыптасты.

Қасым-Жомарт Тоқаев қыркүйек айындағы халыққа арнаған Жолдауынан кейін өрбіген қоғамдық пікірталастарды мұқият қадағалап отырғанын жеткізді. Мемлекет басшысы талқылау нәтижесін, сараптама қорытындыларын, ұсынылған түзетулердің жобаларын, сондай-ақ конституциялық реформаға қатысты азаматтардан келіп түскен ұсыныстарды егжей-тегжейлі зерделеуде.

Саяси жүйені одан әрі реформалаудың маңызы мен мазмұнына тоқталған Президент институционалдык негізді терең жаңғырту және заң шығарушы билік тармағын жүйелі түрде қайта форматтау қажет екенін айтты.

— Ұлттық құрылтай отырысында мен еліміздің тағдырына қатысты бұл мәселе бойынша нақты пікірлерімді айтамын. Нақтылай айтқанда, еліміздің сапалық тұрғыдан мүлдем жана саяси тұрпаты қалыптасып жатыр. Парламенттік реформаны жүзеге асыру үшін Конституцияның бірден бірнеше бөлімін қайта қарау қажет болады. Сондықтан Ата Заңымызға осыған дейін енгізілген өзгертулерді ескерсек, жұмыс тобы ұсынып отырған түзетулер жобасы Қазақстанның шын мәнінде жана Конституциясы туралы айтуға мүмкіндік береді, — деді Мемлекет басшысы.



ҚҰРЫЛТАЙ – ҚОҒАМ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРҒАН КЕҢЕС

Қызылордада еліміздің басты кеңесі – Ұлттық құрылтай басталды. Ел дамуының бағыт-бағдарын айқындайтын талқы биыл бесінші рет өтіп жатыр. Ал осыған дейін өткізілген төрт құрылтай қоғам өміріне көптеген өзгеріс алып келді. Мәселен, қазірге дейін Ұлттық құрылтайда айтылған бастамаларды іске асыру аясында 26 заң қабылданған. Бұған қоса, құрылтай Мемлекет басшысының Жарлықтарына, маңызды тұжырымдамаларға негіз болды.

→ 2

Сержан СЕЙТБАЕВ,
Әскери-теңіз күштері бас қолбасшысының орынбасары:

ОТАНСҮЙГІШТІК – ЗАҢДЫ ҚҰРМЕТТЕУ

Отансүйгіштік – тек соғысқа дайындық немесе қару ұстау емес. Ол – өз еліне жауапкершілікпен қарау, қоғамның дамуына адал еңбек ету, заңды құрметтеу, туған жердің тағдырына бейжай қарамау.

→ 5



БҮГІН ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙДЫҢ V ОТЫРЫСЫ ӨТЕДІ

Биыл Ұлттық құрылтайдың V отырысы 20 қаңтар күні Қызылордада өтеді. Бұл туралы Президенттің Кеңесшісі – баспасөз хатшысы Руслан Желдібай мәлімдеді.

Сыр бойындағы жиында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев сөз сөйлеп, Қазақстанның келешек даму бағдары

мен қоғамдағы өзекті мәселелер туралы ойларын ортаға салады.

Ұлттық құрылтайдың бұған дейінгі отырыстары:

2022 жылы – Ұлытауда;
2023 жылы – Түркістанда;
2024 жылы – Атырауда;
2025 жылы Бурабайда өтті.

ДАЛАЛЫҚ МОДЕРНИЗМНІҢ ҮЛГІСІ



Кейіпкеріміздің шығармашылық жолы кез келген мамандықты игеруге алдымен кәсіби білімнің болуы керек деген түсінікке өзгеріс әкелгендей. Өйткені ол дизайнды 40 жасында таңдаған. Осы жасында оқуын оқып, сирек кездесетін кәсіпті дамытып келеді. Айтуынша, бұл салаға келмей тұрып, хард, софт скиллдерді де жетілдірумен айналысып, Қазақстанның халықаралық көрмелердегі павильондарын жасайтын компанияда тәжірибесін шыңдаған.

→ 8

ҚЫЗ АЛЫП ҚАШУ – ҚЫЛМЫС

Былтыр Президенттің қолдауымен Мәжіліс отырысында қыз алып қашуға байланысты жаңа заң жобасы әзірленді. Жаңа заңға сәйкес, енді Қылмыстық кодекске «Некеге тұруға мәжбүрлеу» бабы қосылып отыр.

→ 6



20 ҚАҢТАР 2026 | СЕЙСЕНБІ



ПАЛАТА ОТЫРЫСЫНЫҢ КҮН ТӘРТІБІН БЕКІТТІ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата бюросының отырысы өтті. Онда депутаттар 22 қаңтарда өтетін Сенат отырысының күн тәртібін белгіледі.

Соған сәйкес, алдағы бейсенбіде «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Француз Республикасының Үкіметі арасындағы адамдарды реадмиссиялау туралы келісімді ратификациялау туралы» заң қаралады. Бұл заңның нормалары көші-қон процестерін басқаруды және заңсыз көші-қонға қарсы іс-қимыл саласындағы екіжақты ынтымақтастық үшін құқықтық негіз қалыптастыруды көздейді.

Занның негізгі міндеттерінін қатарына Тараптар мемлекеттерінің аумағына заңсыз кірген, жүрген не тұратын адамдарды қайтарудың тиімді, реттелген және өзара пайдалы тетігін қамтамасыз ету, сондай-ақ көші-қон режимдерін теріс пайдаланудың алдын алу жатады.

Сондай-ақ «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Моңғолия Үкіметі арасындағы зейнетақы саласындағы ынтымақтастық туралы»

келісімді ратификациялау туралы» заң Сенат отырысының күн тәртібіне шығарылды. Келісімді ратификациялау Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Моңғолия Үкіметінің арасындағы зейнетақы саласындағы ынтымақтастықты дамытуға мүмкіндік береді және екі ел азаматтарының зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы құқықтарын қамтамасыз етеді. Нақты айтқанда, осы келісім арқылы азаматтарға ынтымақты зейнетақы тағайындау бөлігіндегі қатынастар реттеледі және әскери қызмет, жоғары және орта арнаулы білім беру ұйымдарында оқу кезеңдеріндегі еңбек өтілін өзара есепке алу көзделеді.

Сонымен қатар сенаторлар бұған дейін Мәжіліс қабылдаған заңдарды жұмыс үшін палатаның тұрақты комитеттеріне бөліп берді және Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру аясында жоспарланған алдағы іс-шараларды пысықтады.

САЯСИ ЖҮЙЕНІ ЖАҢҒЫРТУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Астанада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен Парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобының отырысы өтті. Саяси партиялар, сарапшылар мен азаматтық қоғам өкілдері қатысқан басқосуда конституциялық өзгерістерге қатысты негізгі тәсілдер талқыланды.

Жиында Парламент Мәжілісіндегі «AMANAT» партиясы фракциясының жетекшісі Елнұр Бейсенбаев сөз сөйлеп, ойын ортаға салды. Депутаттың айтуынша, заң шығарушы биліктің институционалдық негізін жаңғыртуды көздейтін ауқымды әрі мазмұнды реформалық өзгерістер барынша байыпты, кәсіби әрі жан-жақты сараланған шешімдерді талап етеді.

— Жұмыс тобы шенберіндегі жұмыс қарқынды әрі нақты жүргізілуде. Қысқа уақыттың ішінде бірнеше толық форматтағы отырыс өтті. Талқылаулар ашық сипатта өтіп, пікірталастар кей жағдайда екі жарым сағаттан астам уақытқа созылды. Зангерлердің, ғалымдардың, тәжірибелі мамандардың және саяси партия өкілдерінің ұстанымдары әрдайым бір арнаға тоғыса бермеді. Алайда «пікірталаста шындық туады» дегендей, дәл осы ашық диалог ұсынылған шешімдерді тереңірек талдауға, әрбір мәселені — жана Парламент моделінен бастап заң шығару және парламенттік бақылау тетігіне дейін — сапалы пысықтауға мүмкіндік берді.

Маңыздысы — жұмыс тобының құрамында барлық саяси партиялар, конституциялық құқық саласындағы сарапшылар, азаматтық қоғам өкілдері бар. Сонымен қатар азаматтардың өзі де белсенді қатысуда: ұсыныстар e-Otinish және eGov платформалары арқылы келіп түсуде. Талқылау тар шенберде емес, кең қоғамдық алаңда жүріп жатыр. Бұл — қағидатты мәселе. Өйткені Президент атап өткендей, тағдырлы өзгерістер бойынша түпкілікті шешім жабық кабинетте емес, жалпыхалықтық референдум арқылы қабылдануы тиіс. Соңғы бағаны біздің жұмысымызға Қазақстан халқының өзі береді, — деді депутат.

Сонымен қатар Елнұр Бейсенбаев «AMANAT» партиясы Мемлекет басшысының бірпалаталы Парламентті тек партиялық тізімдер арқылы қалыптастыру жөніндегі ұстанымын толық әрі сөзсіз қолдайтынын жеткізді. Депутаттың сөзінше, бұл тәсіл парламенттік реформаның логикасына толық сай келеді және классикалық партиялық жүйені нығайтуға бағытталған. Мұндай модель жекелеген тұлғаларды емес, саяси бағдарламалар мен идеологиялық платформаларға негізделген



партиялық жауапкершілікті алдыңғы қатарға шығарады. Партия — бұл жеке мүдделер жиынтығы емес, қоғам алдындағы ұжымдық жауапкершілік институты.

— Бірпалаталы модель Парламенттің кәсібилігін арттырып, жауапкершілігін күшейтеді, сондай-ақ оның бақылау функцияларын және мемлекеттік шешімдер қабылдаудағы ықпалын нығайтады. Жұмыс тобы аясында «AMANAT» партиясы фракциясының және әріптестерінің бірқатар ұсынысы қолдау тауып, ескерілді. Бұл диалогтың шынайы мазмұнды әрі конструктивті сипатта өткенін көрсетеді.

Мемлекет басшысы конституциялық реформаға қатысты қоғамдық пікірталастарды, сараптамалық қорытындыларды және азаматтардан келіп түскен ұсыныстарды жіті бақылап отырғанын атап өтті. Бұл тағы бір мәрте дәлелдейді: алда тұрған өзгерістер — реформа үшін реформа емес, жана, орнықты әрі теңгерімді саяси модельді қалыптастыруға бағытталған саналы кадам. «AMANAT» партиясы дәстүрлі түрде қоғамдық-саяси үдерістердің бел ортасында жүріп, осы кезеңдегі өзінің жауапкершілігін терең сезінеді. Біз Президенттің парламенттік реформа жөніндегі бастамасын қолдаймыз және оның мазмұнды, ойластырылған әрі қоғамның үмітіне сай жүзеге асуы үшін алдағы уақытта да жүйелі жұмыс жүргізуге дайынбыз, — деп түйіндеді сөзін Елнұр Бейсенбаев.

ҚҰРЫЛТАЙ – ҚОҒАМ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРҒАН КЕҢЕС

Қызылордада еліміздің басты кеңесі – Ұлттық құрылтай басталды. Ел дамуының бағыт-бағдарын айқындайтын талқы биыл бесінші рет өтіп жатыр. Ал осыған дейін өткізілген төрт құрылтай қоғам өміріне көптеген өзгеріс алып келді. Мәселен, қазірге дейін Ұлттық құрылтайда айтылған бастамаларды іске асыру аясында 26 заң қабылданған. Бұған қоса, құрылтай Мемлекет басшысының Жарлықтарына, маңызды тұжырымдамаларға негіз болды.

Мадияр ТӨЛЕУ

МӘРТЕБЕДЕН БАСТАУ АЛҒАН МӘМЛІЕ

Өткенге сәл шегініс жасайық, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен құрылған консультативтік-кеңесші органның ең алғашқы жиыны 2022 жылдың маусымында Ұлытауда өткені белгілі. Ұлытау жері тектен-тек таңдалмады, ежелден қазақ мемлекеттілігінің саяси орталығы саналады, яғни тарихи-символдық себебі бар кадам десек болады. Міне, осы әуелгі құрылтайда 25 қазан — Республика күніне ұлттық мереке мәртебесі берілді.

Келесі кеңес араға бір жыл салып, Түркістан өңірінде өтті. Мұнда талқыланған мәселелердің ауқымы кеңейгені анық білінді. Айтылған бастамалар негізінде көп өтпей оннан астам заң жобасы әзірленді. Мысалы, «Түркістан қаласының ерекше мәртебесі туралы» заң; «Қазақстанның Халық жазушысы» атағын қайтару; «Кинематография туралы» заңға түзетулер; ономастика жұмысын жүйелеу туралы құжаттарды атай аламыз.

Бұл қатарда қоғамның түйткілді мәселелерін реттеуге бағытталған жобаларды да қосар едік. Жастарды желіктірген вейптерге, шегуге келмейтін темекі өнімдеріне тыйым салу туралы түзетулер енгізілді. Құмар ойын бизнесі, лотерея қызметі мәселелері реттелді.

Ең назар аударар тұс — жұмысшы мамандықтар үшін жанадан 9 құрметті атақ енгізілді. Белгілі бір салаларға жылдар бойы еңбек сіңірген қарапайым азаматтар еленіп, көпке үлгі саналды. Бұқаралық ақпарат құралдарының жұмысын бір ізге түсіретін Масс-медиа мәселелері туралы заңнамаға түзетулер қосылды. «Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы» заң; Мемлекеттік наградаларға ұқсас қоғамдық наградаларды дайындауға және марапаттауға тыйым салатын заң; Ғылым және білім беру мәселелері туралы заңнамаға түзетулер енгізілді. Соңғысы педагогтердің мәртебелі маман атануына септесті.



Үшінші құрылтай Атырау жерінде болды. Алдымен «Айбын» орденіне аңызға айналған қаһармандар — Сағадат Нұрмағамбетовтің, Бауыржан Момышұлының, Рахымжан Қошқарбаевтың есімін беру туралы түзетулер енгізілді. Көбіне қоғамдық түйткілдерге баса назар аударылды. Вандализмге қарсы күрес және табиғи нысандарды қорғау туралы түзетулер; Лицензиялауды ретке келтіру және заңсыз археологиялық қазбаларға қатысты жауапкершілікті күшейту туралы түзетулер қосылды. Әлеуметтің бір дертіне айналған есірткі тақырыбы елеусіз қалмады. Есірткі тасымалдаушылар мен есірткі өндірушілердің жауапкершілігін саралау туралы түзетулер пайда болды.

Әйелдердің құқықтарын қамтамасыз ету және балалар қауіпсіздігі мәселелері туралы түзетулерді ерекше атап өту керек. Соның негізінде тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қылмыстық жауапкершілік көзделіп, балаларға қатысты зорлықтың барлық түріне айналған есірткі тақырыбы елеусіз қалмады. Есірткі тасымалдаушылар мен есірткі өндірушілердің жауапкершілігін саралау туралы түзетулер пайда болды.

Әйелдердің құқықтарын қамтамасыз ету және балалар қауіпсіздігі мәселелері туралы түзетулерді ерекше атап өту керек. Соның негізінде тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қылмыстық жауапкершілік көзделіп, балаларға қатысты зорлықтың барлық түріне айналған есірткі тақырыбы елеусіз қалмады. Есірткі тасымалдаушылар мен есірткі өндірушілердің жауапкершілігін саралау туралы түзетулер пайда болды.

тыс қалмады. ЛГБТ мен педофилияны насихаттауға қатысты жауапкершілік енгізілді.

Жалпы, мемлекет әйелдер құқы мен балалардың қауіпсіздігіне көңіл бөлуді күшейтті. Екінші жыл қатарынан құрылтай әйелдердің құқықтарын қамтамасыз ету және балалар қауіпсіздігі мәселелері туралы түзетулерге арқау болды. Қамқоршылық органдарын күшейту, балалардың құқықтарын қорғауды насихаттайтын шаралар жүзеге асты. Бұдан бөлек, Ономастика саласындағы жұмысты ретке келтіру; Қазақстандағы Орталық Азия өңірлік гляциологиялық орталығының мәртебесін қайта жандандыру туралы жайттар реттелді.

Қызылордада өтіп жатқан кезекті құрылтайдың ауқымы да үлкен болып жатқаны даусыз. Осыған дейін өткізілген құрылтайдың нәтижесінде 26 заң қабылданғанын айттық. Қазір тағы 10 заң жобасы бойынша жұмыс істеліп жатыр.

ТҰЖЫРЫМДАМАЛАРДЫҢ ЖАҢА ТАРАУЫ

Жыл сайын құрылтайда айтылатын идеялар Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен талқылатыны белгілі. Кейбір маңызды бастамалар нормативтік-құқықтық актіге айналып, ел Президентінің Жарлықтарында көрініс табады. «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы» Жарлық пен «Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттарын, құндылықтарын мен бағыттарын бекіту туралы» Жарлықты осы тұста ерекше атауға болады.

Мемлекеттің алдағы уақытқа құрған кешенді жоспарлары мен тұжырымдамалық құжаттар да — құрылтайдың бір бөлігі. Жалпы, осы кезге дейін

есірткіге қарсы күрес, ойын бизнесін реттеу, өңірлік даму, инфрақұрылым, еңбек идеологиясы, тіл саясаты, волонтерлік, балалар, ғылым қалашықтары тақырыбын қамтыған жоспарлар мен тұжырымдамалар қабылданыпты.

Әділетті Қазақстан қағидаттары мен құндылықтарын орнықтыруға бағытталған Президент бастамаларын жүзеге асыру ісі де құрылтайда көрсетілген маңызды бағыт. Мысалы, Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттарын, құндылықтарын мен бағыттарын бекітті. Жалпыұлттық құндылықтар тізімінде бұл бірінші болып көрсетіліп, отаншылдық ұғымын алға шығарды. 2024 жылдан бері мектептерде жалпыұлттық құндылықтарға негізделген «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасы енгізілді. Балалардың құқықтарын қорғау бағытындағы шараның барлығын біріктіретін «Қазақстан балалары» біртұтас бағдарламасы әзірленді.

«Заң және тәртіп» қағидаты күшейді. Жана қоғамдық этикалар қалыптасты, Вандализмге қарсы күрес және табиғи нысандарды қорғау туралы заңнамалық түзетулер енгізілді, онлайн-платформаларда жала жабу, яғни басқа адамның ар-намысы мен кәдір-қасиетіне нұқсан келтіретін немесе беделіне зиян тигізетін жалған ақпарат таратуға қатысты әкімшілік жауапкершілік белгілеу бойынша жұмыс атқарылуда.

Президент бастамасы бойынша 2025 жыл Жұмысшы мамандықтары жылы деп жарияланды. Үкіметтің 2024 жылғы 29 маусымдағы қаулысымен 23 сәуір — Ұлттық кітап күні болып белгіленді. Былтыр жалпыұлттық сауалнама жүргізіліп, оның нәтижесі бойынша қазақстандық авторлардың танымал шығармалары арасынан «100 кітап» тізімі айқындалды. «AMANAT» партиясының желісі бойынша «Оқитын ұлт» жобасы іске қосылды.

Қоғамда теңдік идеясының мәні артты. Қазір ерекше қажеттіліктері бар балаларды кешенді қолдауды реттейтін «Мүмкіндігі шектеулі балаларды (тұлғаларды) кешенді қолдау туралы» заң жобасы әзірленуде. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға әдістемелік қолдау көрсету мақсатында Арнайы және инклюзивті білім беруді дамыту жөніндегі ұлттық ғылыми-практикалық орталықта зертхана ашылды. Бұл жерде аутизмді бар балаларды оқыту және тәрбиелеу саласында ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіледі.

Ұлтымыздың рухани келбеті назардан тыс қалмады. 2025 жылғы наурызда қазақ халқының ұлттық ән және фольклорлық мұрасына арналған «Асыл мұра» аудиожинағының тұсаукесері өтті. Жоғары оқу орындары мен мектеп оқулықтарына негіз болатын Қазақстан тарихының академиялық көптомдығы әзірленуде. ЮНЕСКО-мен өзара іс-қимыл аясында XVIII ғасырдың бірегей қолжазбасы — «Хандар шежіресі» «Әлем жады» бағдарламасының халықаралық тізіліміне енгізілді. Қытайда Қазақстанның мәдени орталығы ашылды. Алматы облысындағы ғылыми қалашықтың бас жоспары бекітілді. Осылайша, құрылтайда айтылған ойлар елеусіз қалмай, нақты жоспар ретінде іске асып жатыр.



Жалпы білім беретін мектептердің толық техникалық жаратқандырылуына және цифрлық шешімдердің белсенді енгізілуіне қарамастан, іс жүзінде ата-аналар мен педагогтар мемлекеттік цифрлық сервистерді пайдалану кезінде әлі де қиындықтарға тап болуда. Платформалардың жұмыс тетіктері, әлеуметтік ваучерлерді есептеу тәртібі және алушылар мәртебесін тексеру жөніндегі ақпараттың жеткіліксіздігі азаматтар тарапынан түсінбеушіліктерге, өтініштер мен шағымдардың туындауына жиі себеп болып отыр.

АРДАГЕРЛЕРДІ АРДАҚТАЙЫҚ!

Осы аптада еліміздің бірқатар өңірінде қалың қар жауып, тұрғындарды әбігерге салды, әсіресе, қариялардың күнделікті жүріп-тұруын қиындатты. Осыған байланысты «AMANAT» партиясы «Жастар Рухы» жастар қанатының белсенділері егде жастағы азаматтарға қолұшын созып, қамқорлықтың шынайы үлгісін көрсетті.

Ел аумағында өткен «Ардагерлерді ардақтайық!» акциясы бір аптаға ұласып, оған шамамен 200 волонтер атсалысты. Олар 50-ден астам зейнеткер мен еңбек ардагеріне көмек көрсетті.

«Жастар Рухы» белсенділері әркез игі істің басы-қасында жүреді. Олар жаз айларында қариялардың ауласын тазалап, шөп шабуға көмектесе, қыс айларында қар тазалау жұмыстарымен айналысады. Бұл жолы да волонтерлер жалғыз тұратын қариялардың және еңбек ардагерлерінің үйінің ауласындағы қарды шығарып, мүгедектігі бар адамдарды біріктіретін қоғамдық ұйымдарға қолдау көрсетті.

«Жастар Рухы» жастар қанаты тек тұрмыстық көмекпен шектелмей, қарияларға азық-түлік жеткізіп, аулаларын абаттандыру және жеңіл жөндеу жұмыстарын жүргізуге атсалысуда, сондай-ақ карт адамдарға жылуды сыйлап, қамқорлық танытып келеді.

Мәселен, Орал қаласында белсенділер оннан астам көмекке мұқтаж ардагерлердің ауласын қардан тазалап, олардың



тұрмыстық жағдайын жақсартуға үлес қосты.

«Қазір көптеген егде жастағы адамдар үшін аула тазалау немесе көшеге шығу қиындық тудыруы мүмкін. Біздің басты мақсат — осындай сәттерде оларға қолұшын созу. Акция аясында біз «Жастар Рухы» белсенділерімен бірге қар тазалау жұмыстарын жүргіздік», — деді Орал қаласындағы №1 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімінің аға өрт сөндіруші-құтқарушысы Қуаныш Тілешов.

Акция барысында жастар ардагерлердің үйлеріне барып, олардың өмір жолы мен тәжірибелері туралы әңгімелерін тындап, баталарын алды. Мұндай кездесулердің волонтерлер үшін үлкен рухани мәні бар. Қариялармен жылы қарым-қатынас жастарда туған жерге деген сүйіспеншілікті нығайтып, үлкендерді құрметтеу мен кішіге қамқор болу сияқты құндылықтарды қалыптастырады.

Бұл ізгі дәстүр Алматы қаласында да жалғасын тапты. Белсенділер 90 жастағы тұл еңбеккері Айымқұл Әниетованың

үйіне барып, оған тұрмыстық көмек көрсетті. Жастар домбырамен күй шертіп, карт әйелдің көңілін көтеріп, батасын алды.

Қызылорда облысында да «Жастар Рухы» белсенділері ардагерлермен тығыз байланыс орнатып, оларға көмек көрсету ісін дәстүрге айналдырды.

«Егде жастағы адамдарға үнемі қолғабыс болуға тырысамыз. Акция аясында біз көмек көрсетіп қана қоймай, ата-әжелеріміздің ақыл-кеңестерін тындап, өмірлік тәжірибелерін үйренеміз. «Жастар Рухы» жастар қанатының белсенділері үшін бұл — қарияларға деген шынайы құрмет және қоғамға пайдалы болудың маңызды тәсілі», — деді қызылордалық белсенді Жанерке Қуатбай.

Айта кетейік, 2014 жылдан бері жүзеге асырылып келе жатқан «Ардагерлерді ардақтайық!» партиялық жобасы аясында қарияларға жүйелі түрде жан-жақты қолдау көрсетіліп келеді. Бүгінде бұл бастама белсенді жастардың арқасында мейірімділік пен қамқорлықтың жарқын үлгісіне айналып отыр.

АВТОКӨЛІК ӨТКЕЛІ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ



Шымкент қаласында Момынов көшесі бойындағы теміржол үстінен салынған жаңа автокөлік өткелі пайдалануға берілді. Инфрақұрылымдық жоба «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасы аясында салынған.

Аталған өткелдің құрылысы 2024 жылдың желтоқсан айында басталған. Жоба қаланың көлік инфрақұрылымын дамытуға, жол қозғалысының қауіпсіздігін арттыруға және орталық көшелердегі көлік жүктемесін азайтуға бағытталған.

Техникалық ашылу рәсіміне Шымкент қаласының әкімі Ғабит Сыздықбеков пен жергілікті тұрғындар қатысты. Қала басшысы өз сөзінде заманауи әрі қауіпсіз көлік инфрақұрылымын қалыптастыру әкімдік жұмысының басым бағыттарының бірі екенін атап өтті.

Жаңа автокөлік өткелі қаланың шығыс бөлігін орталық аудандармен тікелей байланыстырып, теміржол желісінен қауіпсіз өтуді қамтамасыз етеді. Сонымен қатар көлік қозғалысын жеделдетіп, тұрғындардың жолға кететін уақытын едәуір қысқартуға мүмкіндік береді.

Қазірде өткелге іргелес аумақта абаттандыру жұмыстары жалғасуда. Атап айтқанда, жаяу жүргіншілер жолы салынып, көгалдандыру жүргізілуде, көше инфрақұрылымының элементтері мен жарық шамдары орнатылуда.

Айта кетейік, биыл Тіленшин көшесіндегі теміржол үстінен өтетін автокөлік өткелін де пайдалануға беру жоспарланып отыр. Бұл көлік ағынын тиімді қайта бөлуге және көше-жол желісінің өткізу қабілетін арттыруға ықпал етпек. Сонымен қатар Бәйдібек би даңғылы мен Төлеметов көшесінің қиылысында салынып жатқан жолайырық та жыл соңына дейін ел игілігіне берілімек.

Жалпы, өткен жылдың қорытындысы бойынша партияның сайлауалды бағдарламасы аясында 1 059 шақырымнан астам автокөлік жолына асфальт төселіп, көшелерді жарықтандыру деңгейі 100 пайызға жеткізілді. Бұл көрсеткіштер мегаполисте инфрақұрылымды жүйелі түрде дамытуға бағытталған жұмыстардың нақты нәтижесін айғақтайды.

ЦИФРЛЫҚ ҚОЛДАУ ІСКЕ АСТЫ

Дәл осы мәселелерді шешу үшін Қызылорда қаласында «Әлеуметтік әмиян» цифрлық платформасын енгізу бойынша оқыту семинары өтті. Іс-шара «AMANAT» партиясы мен Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің бірлескен жобасы аясында ұйымдастырылды. Семинарға облыстың білім беру ұйымдарының педагогтары мен оқушылардың ата-аналары қатысты.

Әлеуметтік қолдауды цифрландырудағы жүйелі тәсіл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айқындаған бағытқа толық сәйкес келеді. Ол цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектің дамыту елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыратын негізгі факторлардың бірі екенін бірнеше рет атап өткен болатын. Бұл үдерісте білім беру жүйесіне айрықша рөл жүктеледі, өйткені цифрлық шешімдер әлеуметтік көмектің қолжетімділігіне тікелей ықпал етеді.

Семинар жұмысына «AMANAT» партиясы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Жандос Базартай қатысты. Ол

анықталған мәселелердің техникалық емес, негізінен ақпараттық-түсіндіру сипатында екенін атап өтті.

«Бүгінде еліміздегі барлық жалпы білім беретін мектептер аппараттық-бағдарламалық кешендермен 100 пайыз қамтамасыз етілген. Дегенмен жүргізілген бірлескен талдау ата-аналар мен педагогтар арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейтудің қажет екенін көрсетті. Ата-аналардың бір бөлігі «Әлеуметтік әмиян» сервисінің жұмыс қағида-дәттары туралы жеткілікті деңгейде хабардар емес, ал жекелеген мектеп қызметкерлерінде 1-4 сынып оқушыларына арналған тегін және жеңілдікпен тамақтандыру ваучерлерін автоматты түрде есептеу тәртібі, сондай-ақ мәртебені тексеру тетіктері жөнінде толық түсінік қалыптаспаған», — деп атап өтті Жандос Базартай.

Оның айтуынша, дәл осы олқылықтар министрліктер мен білім беру жүйесін басқару органдарына түсетін өтініштер мен шағымдардың артуына себеп болып отыр. Өткізілген оқыту семинары

анықталған қиындықтарды жоюға, «Әлеуметтік әмиян» платформасын пайдалануда бірыңғай тәсіл қалыптастыруға және әлеуметтік көмектің нақты алушыға уақытылы әрі кедергісіз жетуін қамтамасыз етуге бағытталған.

Жобаны жүйелі түрде жүзеге асыру мақсатында Қызылорда облысында «AMANAT» партиясы, облыстық білім басқармасы, облыс әкімі аппараты, сондай-ақ қалалық және аудандық білім бөлімдерінің өкілдері қатысатын сегіз жұмыс тобы құрылды. Оқутудан өткен осы топ мүшелері алдағы уақытта бекітілген кестеге сәйкес өңірдің аудандары мен қалаларында түсіндіру және оқыту іс-шараларын өткізетін болады.

«Әлеуметтік әмиян» жобасын іске асыру әлеуметтік қолдаудың ашықтығы мен тиімділігін арттыруға, сондай-ақ мемлекеттік цифрлық сервистерге деген азаматтардың сенімін нығайтуға бағытталған. Бұл қызметтерді барынша түсінікті, қолжетімді әрі адамдардың нақты қажеттіліктеріне жарамды ету жобаның басты мақсаты болды.

БАСТАУЫШ ҰЙЫМ – ПАРТИЯ ТІРЕГІ

Партияның ішкі тәртібі мен ұйымдық жұмысының сапасы ең алдымен бастауыш партия ұйымдарының тиімді қызметіне тікелей байланысты екені белгілі. Осыған орай «AMANAT» партиясы Арыс қалалық филиалының ұйымдастыруымен бастауыш партия ұйымдарының төрағаларына арналған арнайы оқыту семинары өтті.



Семинар барысында партия қатарына қабылдау тәртібі, партия мүшелігін тоқтату талаптары, партия мүшелерін есепке алу жүйесі, сондай-ақ партиялық құжаттарды рәсімдеу және өткізу қағидалары жан-жақты әрі нақты түсіндірілді. Қатысушыларға қолданыстағы нормативтік құжаттар мен ішкі тәртіп ережелері кезең-кезеңімен таныстырылып, күнделікті жұмыста жиі кездесетін мәселелер бойынша практикалық мысалдар ұсынылды.

Семинардың маңыздылығына тоқталған партияның Арыс қалалық филиалының төрағасы Бактығали Ділдібеков бастауыш партия ұйымдары партияның ең төменгі буыны болуымен қатар, ең жауапты әрі шешуші құрылымы екенін айтты.

— Бастауыш партия ұйымы партия мен халық арасындағы тікелей байланыс көпір міндетін атқарады. Сондықтан бастауыш ұйымға жетекшілік ететін әрбір азамат партиялық тәртіпті, құжат айналымын және мүшелік есепті заң талаптарына сай, жүйелі түрде жүргізе білуге тиіс. Бірлесіп атқарған ұйымдасқан жұмыс партия беделінің негізін

қалайды, — деп атап өтті қалалық партия филиалының төрағасы.

Бастауыш партия ұйымдары жетекшілерінің басын қосқан семинар партия ішіндегі ұйымдастырушылық жұмысты жүйелеу, құжат айналымын біріздендіру және бастауыш партия ұйымдары төрағаларының құқықтық әрі ұйымдастырушылық сауаттылығын арттыруға арналды.

— Партия мүшелерінің нақты есебін жүргізу саяси ұйымның ашықтығын қамтамасыз етіп, партияға деген қоғам сенімін нығайтады. Әрбір құжат, әрбір дерек өз уақытында, талапқа сай рәсімделуі қажет. Бұл — партия ішіндегі тәртіп пен жауапкершіліктің басты өлшемі, — деді партия филиалының сектор меңгерушісі Жанболат Жан-дәулетұлы.

Жиын қорытындысында партияның жұмысы ашық, жүйелі және тиімді болуы үшін мұндай оқыту-семинарларды алдағы уақытта да тұрақты түрде өткізетіні атап өтілді. Бұл бастамалар бастауыш партия ұйымдарының әлеуетін арттырып, партияның қоғам алдындағы жауапкершілігін одан әрі нығайтуға ықпал ететін болады.



Бетті дайындаған Елнар ЕЛТАЙ

20 ҚАҢТАР 2026 | СЕЙСЕНБІ

«АҚ ХАЛАТТЫ» ҚАРЖЫҒЕР МЕДИЦИНАҒА ПАНА БОЛА МА?

Денсаулық сақтау саласына жұмсалатын мемлекеттік шығыс соңғы жылдары 3 есеге жуық өсіп, 2025 жылы 3 триллион теңгеге жетті. Салада жағдай жақсармады: сырқаттар, тіпті сақтандырылғандар бұрынғыдай қажетті дәрігерге уақытылы кіре алмай, ақылы емделуге мәжбүр. Емдеу сапасы да құлдыраған. Мысалы, вице-премьер Аида Балаеваның Қызылордаға сапарында аудандық ауруханаларда диагностикалық мүмкіндіктердің жеткіліксіздігі кесірінен, инсульт қызметінің жұмысы шектеліп қалғаны әшкереленді. Үкімет ӘМСҚ-ты Қаржы министрлігіне бермек. Қаржыгерлер ахуалды түзете ме?

А Елдос СЕНБАЙ

Әзірге оған күмән бар. Себебі, медицинаны қаржыландыру азайтылмақ. Ресми мәлімет бойынша 2026 жылы медициналық ұйымдарды қаржыландыруға бөлінген барлық шығыс 2,4 трлн теңгені ғана құрайды. Әйткенмен, бұл жолғы қалам амал жоқтан жасалған амалға ұқсайды. Премьер-министр Олжас Бектенов Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорын (ӘМСҚ) Денсаулық сақтау министрлігінің қарауынан тартып алып, Қаржы министрлігінің қарамағына беруді тапсырды. Мұның сыртында Үкімет басшысы анықталған заңбұзушылықтар бойынша жиналған барлық материалды тиісті шара қабылдауы және айыптысын жазалауы үшін құқық қорғау органдарына жолдауды жүктеді. Қаржы министрі Мәди Тәкиев Үкіметке Қаржы министрлігінің, салық органдарының жүйелері негізінде денсаулық сақтау саласындағы бизнес-процестерді де толығымен цифрландыру туралы ұсыныспен шықты. Бұдан бөлек, ӘМСҚ-тың инвестициялық стратегиясын қайта қарауға ниетті. Қалай болғанда, саладағы үлкен деректерді (Big Data) ретке келтіру, қаржы ағынына қатаң қадағалау орнату талабының өзі Үкіметтің бұл салада шетсіз-шексіз ақаулар туғызған проблемаларды ақыры байқағанын білдірсе керек. Триллиондаған теңге ел қаржысының бақылауы әлсіз тетіктер мен жауапкершілігі төмен арналар арқылы ағуы жемқорды көбейтіп, медицина саласын жарға жағы жаздады. Ел басшылығы Қаржы министрлігінің ит тұмсығы батпас ну орманға айналған, кәсіпкерге, блогерге, асаба-тамада және көленкелі экономиканың басқа қатысушыларына салықтан жалтаруға мүмкіндік берген мобильді аударымдарды тәртіпке келтіргенін көріп отыр. М.Тәкиев денсаулық сақтау секторына неге араласып, «қол сұғып» жатқанын түсіндірді: жүргізілген талдау нәтижелері қаржыландыру көлемінің өсуі тиімділіктің артуына ұласпағанын айқын көрсетіпті.

АУДИТ НЕНІ КӨРСЕТТІ?

Үкімет жеке медициналық ұйымдарды қаржыландыруда көптеген заңбұзушылық анықталғанын жариялады. Олжас Бектеновтың ӘМСҚ-ты Қаржы министрлігінің басқаруына беру туралы шешіміне осы да ықпал етіпті. Ең басты негіз — Мемлекет басшысының бюджет тәртібін күшейту жөніндегі тапсырмалары. Оны орындау мақсатында 2025 жылғы 18 желтоқсанда Премьер-министр Қаржы министрлігіне бюджет қаражатын жұмсаудың тиімділігін арттыру мақсатында Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының (ӘМСҚ) қызметіне талдау жүргізуді тапсырған болатын. Оның қорытындысы енді мәлім болды.

Бір қызығы, министрліктің ревизорлары бірде-бір медұйымға не қорға тексеріспен бармапты. Олар тіпті кабинеттен шықпаған. Оны айтасыз, талдау да жүргізбеген. Мұның бәрін жасанды интеллект жасап беріпті. Тексеруге тартылған мамандар ЖИ бергенін реттестіріп, министрге ұзатқан. Сондықтан мұнда IT-аудит деген жана ұғым қолданылды.

ЕРІКТІНІҢ ІСІ – ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ

Мемлекет басшысы жаңа жылдық құттықтау сөзінде «Қазақстанның ұсынысымен Біріккен Ұлттар Ұйымы 2026 жылды Халықаралық еріктілер жылы деп жариялады» деген еді. Аталған бастаманы Қазақстан Президенті Қ.Тоқаевтың өзі ұсынған болатын. Жалпы, волонтерлік іс елге қызмет екені айқын. Қаншама көмекті жасап, ел-жұртқа қолұшын беріп жүрген жандардың еңбегін біреу білсе, біреу білмес.

А Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Мәдениет және ақпарат министрлігінің дерегінеше, Мемлекет басшысының бастамасымен ТМД Үкімет басшылары кеңесінің шешімі бойынша жыл сайынғы Достастық елдері волонтерлерінің форумы ұйымдастырылатын болды. Алғашқы форум биыл Астана қаласында өтеді. Сондай-ақ Қазақстанда волонтерліктің ұлттық инфрақұрылымы да жасқалып жатыр. Ел бойынша Ұлттық фронт-кеңсе мен 20 өңірлік фронт-кеңсе жұмыс істейді, бірыңғай Call-орталық қызмет көрсетеді және Qazvolunteer.kz ұлттық онлайн-платформасы іске қосылған. 2025 жылы елдегі белсенді волонтерлер саны 300 мыңға жуықтады. Олардың қатарында 6 мың «күміс» волонтер және 810-нан астам волонтерлік ұйым бар. Волонтерлердің еңбегін бағалау мақсатында Президенттің бастамасымен «Жыл волонтері» сыйлығы тағайындалды және бұл марапат жыл сайын табысталып келеді. Осы уақытқа дейін



Қазақстан, Әзербайжан, Қырғызстан, Түркия, Өзбекстан және Ресей елдерінен 297 азамат лауреат атанды. «Игі істер марафоны» жобасы да қоғам тарапынан кең қолдау тапты. 2025 жылы қазақстандықтар 9 мыңнан астам игі іс атқарып, жобаға 40 мың адам қатысты. Қазақстан волонтерлік қозғалыстың негізін нығайтуды жалғастыра береді. Өткен жылы 56 волонтерлік жоба іске асырылып, жергілікті бастамаларды дамыту үшін 60 шағын грант бөлінді. Ұлттық волонтерлер фронт-офисінің менеджері Айдана Мақышева маңайдағы елдермен волонтерлік байланыс нығайтып, Орталық Азиядағы еріктілердің тәжірибе алмасу бағытында іс-шаралар ұйымдастырылып жатқандығынан хабардар етті.

Сондай-ақ Халықаралық волонтерлер жылында көптеген өзгеріс болмақ. — Елімізде Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен Халықаралық волонтерлік орталығы жұмысын атқаруда. 2025 жылғы атқарылған жұмыстар нәтижесінде халықаралық серіктестер саны артауда. Жыл аясында қазақ делегаттарымен арадағы ынтымақтастықты нығайту және жаңа әріптестермен байланыс орнату мақсатында Әзербайжан, Ресей, Өзбекстан, Түркия және Армения мемлекеттеріне іссапарлар жасаған болатын. Қазір Түрікменстандағы ұйыммен волонтерлікке байланысты келіссөздер жүргізілуде. 2025 жылы Орталық Азия волонтерлерін жинаған ауқымды онлайн және офлайн іс-шаралар өтті.



жүргізушісімін, қатты өскен «омырау» көлікті басқаруға кедергі келтіре бастады. Ұялып, қонаққа баруды қойдым. Бір жылдан соң келіп отырмын. Терапевт дереу маммологқа жолдалды», — дейді Бағлан. Үшіншіден, айты-аудит барысында медұйымдардың бір қызметі үшін МӘМС-тен де, жұмыс берушілердің ерікті медсақтандыру жарнасынан да қаржы алуының деректері табылды. Төртіншіден, «қысқа мерзімде медициналық қызметтердің әдеттен тыс көп көлемі көрсетілген». Бесіншіден және ең бір өрескелі — қайтыс болған азаматтарға қызмет көрсетіліпті. Қаржы министрінің хабарлауынша, 996 қайтыс болған пациентке медициналық қызмет көрсетудің 3 640 оқиғасы анықталды. 2023 жылы өмірден өткен адамды 2025 жылы қабылдауға жазған. Алтыншыдан, балаларға күніне мыңнан астам дәрі-дәрмектерді жазып беру оқиғасы тіркелді. «Балаларға арналған дәрілік заттарды жүйелі түрде жалған тіркеудің 68 717 жағдайы нақтыланды. Айталық, Жетісу облысында Димексид препараты бойынша екі балаға 126 мың жазба тіркелген, яғни әрқайсысына 63 мың реттен есептен шығарылды», — деді Қаржы министрі. Бір пациентке бір тәулік ішінде дәрі-дәрмектерді есептен шығарудың 2872 жағдайы белгілі болды. Балалар ауруханасында ұқсас 179 жағдай анықталды: 88 мың дәрі-дәрмек босатылды, бұл ретте пациенттер Астана қаласындағы стационарда 1 күнге жетпейтін уақыт қана болған, тағы басқа деректер бар.

БЮДЖЕТ ИГЕРУДІ БИЗНЕСКЕ АЙНАЛДЫРҒАН

Қаржы министрі Мәди Тәкиев басқа сандарға тоқталды. Жекеменшік емхана бір күнде 1 442 пациентті қабылдаған. Тексерушілер мұның шындығына сенбейді. Себебі қарапайым арифметикаға салды: бір күнде бір дәрігер орташа есеппен 24 адамға дейін қабылдайды (қағида бойынша 6 сағаттық жұмыс режимінде 1 пациентке 15 минуттан арналады). Сол елордалық клиникада басқа дәрігер бір айда 4 832 науқасты қабылдап үлгеріпті. Бұған қоса, бір маманның бір айда 1 713 ем-шара жасаған жағдайы да бұзушылық ретінде қабылданды. Демек, қаржы ведомствосы дәрігерлердің қабылдайтын сырқат санын шектеуге ниетті болса керек. Қазақстандықтар жиі куә болып жүр, емханадағы дәрігерлер жазылмай, өз бетінше келген сырқаттарды аяп, қарай береді. Жұмыс уақыты аяқталса да, тексерулерін жалғастыратын ақ халатты абзал жандар жетерлік. Олардан енді қатаң түрде тек жазылғандармен шектелу талап етілуі мүмкін.

— Талдау қосарланған қаржыландырудың кең таралған 2 жағдайын анықтады. Біріншісінде — жекеменшік медициналық ұйымдардың жұмыс беруші тарапынан ерікті медициналық сақтандыру бойынша және МӘМС қорының қаражаты есебінен бір мезгілде төлем алуы болса, екінші жағдайда — бір науқастың бір мезетте екі медициналық ұйымның базасында қатар тіркелуі, — деді Мәди Тәкиев. Сондай-ақ салық органдары медұйымдар басшыларына камералдық бақылау жүргізіп, олардың табыстары мен сатып алған мүліктеріне талдау жасалды. Нәтижесінде, 2024-2025 жылдар аралығында 1 465 басы 5 мыңнан астам жылжымайтын мүлік объектісін сатып алғаны, 912 адамның 1 416 автокөлік иеленгені анықталды. Жекелеген басшылардың әрқайсысы 52-ден 124-ке дейін жылжымайтын мүлік объектісін және 14-тен 24-ке дейін автокөлік сатып алған. Сонымен қатар қордың, Денсаулық сақтау министрлігінің ақпараттық жүйелерінің, сондай-ақ нормативтік-құқықтық базасының шашыраңқылығы атап өтілді. Пациенттер мен медициналық ұйымдар бойынша бірыңғай дерекқордың болмауы қолданыстағы нормативтік базаның көп жағдайда халыққа медициналық көмек көрсетудің түпкі нәтижесіне емес, жекелеген ұйымдардың — МӘМС, «СК-Фармация» қызметтеріне байланыстырылуына алып келді. Медұйымдардың материалдық-техникалық базасы, жарактандырылуы және кадрлық талаптары бастапқы растаудан өтеді, содан соң бақылау жүргізілмейтін көрінеді. Бақылаудың алдын алу тетіктері құрылмаған, бұл медұйымдардың ТМҚКК және МӘМС құралдарын мақсатсыз пайдаланудың алдын алуына мүмкіндік бермейді. Жүйеде тиімділікке емес, қаражатты игеруге деген мотивация орныққан. Тариф белгілеуде белгілі бір проблемалар анықталды. Жүйеде 3 мыңнан астам тариф қолданылады, бұл медициналық қызметтерді әкімшілендіру мен бақылауды едәуір қиындатады. Әрине, қаржыгерлер медицинадан хабары болмауы мүмкін, олар ақ халаттыларды ауыстырып, науқастарды өзі емдеуге кіріспейді. Бірақ бұдан былай қаржыгерлер мен салықшылар емханалардың ісіне тікелей араласады. Миллиондаған адамның денсаулығы тәуелді медициналық қорды Қаржы министрлігіне беру арқылы Үкімет қаржылық бақылауды күшейтіп, деректерді өңдеуді бір қолда шоғырландыруға ден қойды. 124-ке дейін потер, 24-ке дейін машина алған кейбір арам ниетті, алақол медұйым басшыларының көленкелі бизнесі тыйыла ма, әлде жаңа жағдайға бейімделіп жалғаса бере ме, оны келесі IT-аудит көрсетеді деген үміт бар.

МІНБЕР

20 ҚАҢТАР 2026 | СЕЙСЕНБІ



— Қазір Әскери-теңіз күштерінде шамамен қандай тәрбиеші-офицер қызмет етіп жүр? Бірнеше жыл бұрын тұтас Қарулы күштерде мыңнан атам тәрбиеші жұмыс істейтіні жөнінде ақпарат шыққан еді.

— Әскери-теңіз күштеріне келер болсақ, бұл саладағы жағдай анағұрлым нақты. Қазір Әскери-теңіз күштерінде кемелерде және камтамасыз ету бөлімдерінде шамамен 30-ға жуық тәрбиеші офицер қызмет аткарып жүр. Олар жеке құрамның моральдык-психологиялық ахуалына жауап беріп қана қоймай, әскери тәртіпті нығайту, әскери қызметшілер мен олардың отбасыларымен байланыс орнату, әскери-патриоттық іс-шараларды ұйымдастыру бағытында жүйелі жұмыс жүргізілуде.

— Тәрбие құрылымдары офицерлеріне нақты қандай біліктілік талабы қойылады?

— Тәрбие құрылымдары офицерлеріне қойылатын біліктілік талаптары — бұл жай ғана формалды тізім емес, әскери ұжымның моральдық-психологиялық ахуалын айқындайтын маңызды өлшемдер жиынтығы. Өйткені мұндай офицер — тәртіп сақшысы ғана емес, жеке құрам үшін үлгі, бағыт-бағдар беруші әрі сенім артылатын тұлға.

Ең алдымен, тәрбие офицері жоғары әскери немесе әскери-гуманитарлық білімге ие болуға тиіс. Қызмет ерекшелігіне байланысты педагогика, психология, әлеуметтану, құқық негіздері салаларынан жүйелі білімі болғаны маңызды. Бұл оған әскери қызметшілердің мінез-құлқын, көңіл күйін, ішкі мәселелерін терең түсінуге мүмкіндік береді.

Екінші маңызды талап — кәсіби және өмірлік тәжірибе. Тәрбие жұмысын жүргізетін офицер әскери қызметтің барлық қыр-сырын, жарғы талаптарын, бөлім ішіндегі тәртіп пен иерархияны жетік білуі қажет. Әдетте, бұл лауазымға белгілі бір уақыт қызмет атқарған, командирлік тәжірибесі бар, беделі қалыптасқан офицерлер тағайындалады.

Үшіншіден, жоғары моральдық-адамгершілік қасиеттер басты орын алады. Әділдік, жауапкершілік, сабырлылық, принципшілдік пен адами жанашырлық — тәрбие офицерінің күнделікті қызметінде қатар жүруге тиіс қасиеттер. Ол жеке құраммен сөйлесе білетін, сенімге кіре алатын, қажет кезде қатан, қажет кезде түсіне білетін тұлға болуы шарт.



— Қазақстан Республикасы Қарулы күштеріндегі тәрбиелік құрылым офицерлері әскери ұжымдағы әскери қызметшілердің рухани-патриоттық ахуалын сақтауда әрі нығайтуда басты рөл атқарады. Олар өскелең ұрпақты дүниетанымға тәрбиелей, әскери қызметтің талаптарына бейімдеп, психологиялық тұрғыдан тұрақты, жауапкершілігі мол, елі мен Отанына адал азаматтар ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Тәрбие құралымдары офицерлерінің жұмысы — әскери қызметшілердің рухани сенімін күшейту, моральдық-психологиялық климатты дұрыс ұйымдастыру, қиын жағдайда моральдық тұрақтылықты сақтау қабілетін дамыту.

Тәрбие офицерлері әскери ұжымда Отанға адалдық, әскери әдептілік,

батырлық туралы әңгімелер, әскери тарихты оқу сияқты бағдарламаларды жүзеге асырады. Бұл жұмыстар әскери қызметшілердің Отанға деген сүйіспеншілігін, борыш пен парызын түсінуін тереңдете түседі.

— «Отансүйгіштік тәрбиесіне бағытталған әскери-патриоттық іс-шаралар, ерлік пен батырлықты насихаттау» деген мазмұнда пікір айтқыңыз. Бұл өзі қазір тым пафос емес пе?

— «Отансүйгіштік тәрбиесіне бағытталған әскери-патриоттық іс-шаралар, ерлік пен батырлықты насихаттау» деген тіркес шынында да кей жағдайда пафосқа толы, жаттанды ұран сияқты естілуі мүмкін. Алайда мәселе сөздің өзінде емес, оның мазмұны мен іске асу тәсілінде.

Егер патриоттық тәрбие тек салтанатты жиындармен, мінберден айтылатын жалынды сөздермен, шынайы өмірмен байланысы жоқ ұрандармен шектелсе, ол, әрине, бүгінгі жас ұрпақ үшін әсерсіз әрі жасанды көрінеді. Қазіргі қоғам ақпаратқа қанық, сыни ойлайтын, жалған-дықты тез аңғаратын ортаға айналды. Сондықтан құр айкай мен бос пафос ешкімді сендірмейді.



Ал осы ұғымдардың ішкі мәніне үңілсек, олардың маңызы әлі де өзекті. Отансүйгіштік — тек соғысқа дайындық немесе қару ұстау емес. Ол — өз еліне жауапкершілікпен қарау, қоғамның дамуына адал еңбек ету, заңды құрметтеу, туған жердің тағдырына бейжай қарамау. Ерлік пен батырлық та тек майдан даласындағы қаһармандықпен өлшенбейді. Бүгінгі батыр — білім арқылы елге қызмет етіп жүрген ғалым, адам өмірін сақтап жүрген дәрігер, әділдік үшін күрескен азамат, өз ісіне адал мұғалім.

Сондықтан әскери-патриоттық іс-шаралар пафостан арылып, шынайы өмірмен, нақты адам тағдырларымен, қазіргі заманның талаптарымен ұштасқанда ғана мәнді болмақ. Тарихтағы ерлікті дәріптеу — өткенді мадақтау үшін емес, одан сабақ алып, бүгінгі ұрпаққа адамгершілік, жауапкершілік, елге қызмет ету сияқты құндылықтарды түсіндіру үшін қажет.

— Тәрбие құралымы офицерлері тәрбиелік жұмыста қандай заманауи әдістер мен нысандарды қолданады?

— Қазіргі заманның талаптарына сай тәрбие құралымдары офицерлері тәрбиелік жұмыста инновациялық әдістерді пайдаланады: интерактивті сабақтар, тренингтер,

жағдайлар туралы ақпараттың жиі жариялануы қоғамда үрей мен сенімсіздік тудыратыны сөзсіз. Бұл жағдай «әскер — тәртіп пен қауіпсіздіктің символы» деген ұғымға күмән келтіреді.

Әрине, мұндай ақпарат ең алдымен тәрбие жұмысына жауапты офицерлердің кәсіби беделіне нұқсан келтіреді. Себебі әскери тәрбие тек саптық дайындықпен немесе жарғы талаптарын орындатумен шектелмейді. Оның өзегі — жеке құрамның моральдық-психологиялық жағдайын бақылау, әскери қызметшінің ішкі мәселесіне бейжай қарамау, сенімге негізделген адами қарым-қатынас орнату. Егер осы тетіктер дұрыс жұмыс істемесе, кез келген тәртіпбузу-шылық немесе қайғылы оқиға «тәрбие жүйесінің олқылығы» ретінде қабылданады.

Сонымен қатар қоғамда «бәріне офицер кінәлі» деген біржақты түсінік қалыптастыру да әділетті емес. Дегенмен дәл осы ортада тәрбиеге жауапты офицерлердің рөлі ерекше. Олар тек бақылаушы емес, әскери

қызметші үшін моральдық тірек, делдал әрі жауапты тұлға болуы тиіс.

— Әскердегі тәртіп пен тәрбие жайлы сөз еткен екенбіз, атқарылған жұмыстар есебін де айту керек шығар. Былтыр Қарулы күштерде нақты қанша іс-шара әскери тәрбиеге қатысты болды? Не істелініздер?

— Былтыр Қазақстан Қарулы күштерінде, соның ішінде Әскери-теңіз күштерінде әскери тәрбие мен патриоттық бағыттағы іс-шаралар жүйелі түрде және жоспарлы негізде жүргізілді. Бұл жұмыстар тек қағаз жүзіндегі есеп үшін емес, жеке құрамның моральдық-психологиялық ахуалын нығайтуға, әскер мен қоғам арасындағы байланысты күшейтуге бағытталды.

Маңызды жаңалықтың бірі — Әскери-теңіз күштерінде алғаш рет запастағы офицерлермен жұмылдыру жиындарының өткізілуі. Бұл шара тек кәсіби даырлықты арттырып қана қоймай, запастағы кадрлардың әскери жүйемен байланысын жандандыруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар әскери-патриоттық «Айбын» жиынында «Жас теңізшілер» әскери-патриоттық клубының жоғары нәтиже көрсетуі өскелең ұрпақпен жүргізіліп жатқан тәрбиелік жұмыстың тиімділігін айқын көрсетті.

«Қоғамда «бәріне офицер кінәлі» деген біржақты түсінік қалыптастыру да әділетті емес. Дегенмен дәл осы ортада тәрбиеге жауапты офицерлердің рөлі ерекше. Олар тек бақылаушы емес, әскери қызметші үшін моральдық тірек, делдал әрі жауапты тұлға болуы тиіс.

Әскери қызметшілердің ата-аналарымен байланыс орнатуы да басты бағыттардың бірі болды. Матростардың ата-аналары үшін, сондай-ақ жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу мақсатында әр тоқсан сайын, кей жағдайда ай сайын ашық есік күндері ұйымдастырылып, бұл тәжірибе бүгінде өз жалғасын тауып келеді. Мұндай шаралар әскердің жабық құрылым емес, қоғамға ашық институт екенін көрсетуге ықпал етті.

Әскери теңізшілердің балаларына ерекше көңіл бөлініп, Балаларды қорғау күніне орай кемеле мерекелік іс-шара өткізілуі — әскери қызметтің тек қатар тәртіптен ғана тұрмайтынын, адами құндылықтардың да назардан тыс қалмайтынын көрсететін маңызды қадам болды.

Халықаралық әскери ынтымақтастық аясында Әзербайжан Республикасымен бірлескен «Каспий самалы» оқу-жаттығуы Ақтау қаласында өткізіліп, теңіз қауіпсіздігі мен өзара іс-қимылды нығайтуға бағытталған тәжірибе алмасу жүзеге асты.

Тәрбие жұмысының рухани-идеологиялық бағыты да жүйелі түрде жүргізілді. Қазақтың данқты батырлары — Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Сағадат Нұрмағамбетовтің ерлік жолдарын жас ұрпаққа насихаттау мақсатында оқу орындарында тұрақты түрде ерлік сабақтары өткізілді. Бұл кездесулер жас буынның тарихи санасын қалыптастыруға, елге қызмет ету ұғымын терең түсінуге ықпал етті.

Ал былтырғы жылдың ең басты әрі символдық мәні зор іс-шарасы — Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған әскери парадтың өтуі болды. Бұл парад тек салтанатты рәсім емес, ұрпақтар сабақтастығын, тарихи жады мен Отан алдындағы жауапкершілікті айқындайтын маңызды оқиға ретінде ел жадында қалды.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан Ардақ СҰЛТАН

АЛАҢ

20 ҚАҢТАР 2026 | СЕЙСЕНБІ

— Жакында әлеуметтік желіде 17 жастағы қызды өз еркінсіз танымайтын адамдардың алып қашқаны жарияланды. Қыз көмелетке толмағанын, ата-анасының басқа қалада екенін айтса да, жиналған үлкендер оны жібермей бір күн ұстаған. Жәбірленуші сол жерде зорлық көргенін де жасырмалы. Жалпы, қыз алып қашуды «дәстүр» деп ақтап алу қаншалықты дұрыс?



Мұрат ӘБЕНОВ, Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі:

— Мен қыз алып қашу мәселесін он шақты жылдан бері көтеріп келе жатырмын.

1956 жылы шыққан Қылмыстық кодекстекі Қазақстанда қыз алып қашуға қатысты арнайы бап бар болатын. Кейін біз зайырлы, демократиялы мемлекет боламыз деп, «қыз алып қашу бізде жоқ» деп Қылмыстық кодекстен егемендік алғаннан кейін алып тастадық. Соның салдарын қазір көріп жатырмыз. Осы уақытқа дейін соңғы 5 жылда қыз алып қашуға байланысты түскен 256 шағымның оны сотқа барып, бесеуі ғана сотталған. Қалғанының бәрін босатып жіберген. Неге? Қылмыстық кодексте 125-бапта ғана «Адам ұрлау» бойынша қылмыс жазылған. Осы уақытқа дейін бәрі қыз алып қашуды «адам ұрлау» ісімен қарастырып келді. Бірақ адам ұрлау фактісі біреуді қорқытып, ақша талап ету кезінде немесе кек алу үшін жасалатын қылмыс. Ал қыз алып қашудың себебі басқаша. Біреудің қызын зорлықпен алып қашып, әйелдікке алу. Ендеше, дәл осылай психикаға әсер ету басқа қылмыстың санатында қаралуға тиіс. Жоғарыда айтқан 125-баптағы Адам ұрлау қылмысының бір қосымшасы қыз алып қашқан қылмыскерлердің іс-әрекетін жокқа шығарады. Онда былай жазылған: «Егер адам өз еркімен ұрлаған адамды жібере салса, онда ол жауапқа тартылмайды» дейді. Сонда қызды алып қашып, үйінде бірнеше күн ұстап, қорқытып, ұйымдасқан түрде қызбен келісім жасап, ата-анасына адам жібереді. Егер ұрлағандарға қыз көнбесе, Шымкенттегі 17 жастағы қыздың оқиғасындай «өз еркіммен келдім» деп жаздырып, қол қойдырып алады. Қызды жібере салғаннан кейін, құқық қорғау органдары да қылмыскерлерге ешқандай шара қолдана алмайды. Былтыр Президенттің қолдауымен Мәжіліс отырысында қыз алып қашуға байланысты жаңа заң жобасы әзірленді. Жаңа заңға сәйкес, енді Қылмыстық кодекске «Некеге тұруға мәжбүрлеу» бабы қосылып отыр. Ендігі жерде, қыз алып қашқандарға екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салынады. Немесе сол мөлшерде түзеу жұмыстарына жегіледі, екі жылға дейін бас бостандығын шектеледі не сол уақытқа түрмеге отырады. Егер қыз алып қашу оқиғасында күш қолданылса, көмелетке толмаған адамға қатысты болса, топтаса жасалса 3 жылдан 7 жылға дейін бас бостандығынан айырылады. Алда-жалда қыз алып қашу кезінде жәбірленуші абайсызда ауыр зардапқа ұшыраса, 5 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айырылады. Сонымен қатар Үкіметтің ұсынысы бойынша адамды ұрлаған тұлға оны өз еркімен босатса да, оның әрекетінде басқа қылмыс құрамы болмаса да, қылмыстық жауапкершіліктен босатылмайды. Міне, бұл өзгерістер заңға 2025 жылы енгізілді. Бірақ жоғарыдағы оқиғада кінәлі Шымкент қаласының полициясы. Олар бұған дейін 21 жаста қайтыс болған қызды ұрлағандарға шара қолданбаған. Әке-шешесі арыз жазса да, ескерусіз қалдырған. Сондықтан Шымкенттің полициясы заңды толық жүзеге асырмай отыр деп айта аламын.

Әлімжан ЖҰБАТҚАНОВ, заңгер:



— Мұндай әрекетті ешқандай жағдайда «дәстүр» деп атауға болмайды. Дәстүр дегеніміз — екі тараптың да ерікті келісіміне негізделуі керек.

Ал адамды күштеп алып кету, бостандығынан айыру, қысым көрсету — бұл қылмыстық құқықбұзушылық. Әсіресе, жәбірленушінің көмелетке толмағаны жағдайды одан әрі ауырлатады. Сонымен қатар бұл әрекетке қатысқан үлкендер мен таныстардың рөлі де маңызды. Көбінесе жәбірленушіні ұстап тұруға көмектескен адамдар немесе «уйғарғандар» қылмысты жеңілдететін уәж бере алмайды. Заң бойынша адамдар тобы болып жасалған әрекет ауырлататын жағдай болып саналады.

Қылмыстық заңнамда қыз алып қашуға қатысты нақты жауапкершіліктер бар. Атап айтсақ, 2025 жылы Қылмыстық кодексе 125-1-баппен — «Некеге тұруға мәжбүрлеу» толықтырылды. Бұл бап қыз алып қашуды нақты қылмыс ретінде бекітті. Адамды күш қолдану, қорқыту немесе бопсалау арқылы некеге мәжбүрлеу үшін жауапкершілік қарастырылған. Егер бұл әрекет күш қолдану арқылы, көмелетке толмаған адамға қатысты, не адамдар тобы немесе алдын ала сөз байласу арқылы жасалса, заң бойынша 3 жылдан 7 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделген. Ал егер мұндай әрекеттер абайсызда ауыр зардаптарға әкелсе, жәбірленушінің денсаулығына ауыр зиян келтірілсе немесе өлім жағдайы орын алса, жаза 5 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру түрінде күшейтіледі.

Соңғы кезде әлеуметтік желіде қыз алып қашуға қатысты жаға ұстатар жаңалықтар саңырауқұлақша қаптап кетті. Мақсат — оқиғаның қалай болғанын талдау емес. Былтыр Қылмыстық кодекске «Некеге тұруға мәжбүрлеу» бабы қосылса да, халықтың заңға селқос қарауының себебін анықтау. Қыршыннан қиылған ғұмыр мен арын таптанған аруға араша бар ма? Осы сұрақтың жауабын АЛАҢ айдарында сарапшылардан сұрадық.

ҚЫЗ АЛЫП ҚАШУ — ҚЫЛМЫС



Елпәр КАБА (қолдау)

Егер алып қашу кезінде немесе одан кейін жыныстық зорлық жасалса, бұл жағдайда қылмыстар бөлек сараланады. Некеге мәжбүрлеу — бір қылмыс, ал жыныстық зорлық — Қылмыстық кодекстің 120-бабы — «Зорлау» бойынша қаралады. Зорлау үшін 5 жылдан 8 жылға дейін, ал көмелетке толмаған адамға қатысты немесе адамдар тобы болып жасалса, 12 жылдан 15 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделген. Яғни, қыз алып қашу зорлықты ешқашан ақтамайды.



Әйгерім ҚҰСАЙЫНҚЫЗЫ, заңгер, феминист:

— Біз үнемі айтып жүретін және Қазақстан Республикасының Конституциясының бірінші бабында айтылғандай, Қазақстан — құқықтық мемлекет болғандықтан, кез келген әрекет құқықтық тұрғыда шектелуі керек, шешілуі керек. Яғни, кез келген азаматтық-құқықтық қарым-қатынастарда орын алатын әрекеттер — ол қыз алып қашу, қаржылық алаяқтық, хорасмент, сексизм болсын — «ол мәдениет еді», «дәстүр еді», «менталитет еді», «біздің тәрбиемізде бар еді» деген ақтаусыз, тек қана заң мен тәртіп шегінде реттелуі керек. Құқықтық мемлекеттің анықтамасы — осы. Қоғамның барлық саласындағы кез келген қатынас шешілген кезде, оның соңғы қаралатын инстанции — әжелердің, аталардың, ардың, ұяттың соты емес, заңның алдында құқықтық жауапкершілік болуы керек.

1997 жылы Қазақстан Республикасының сол кездегі Қылмыстық кодексінен қыз алып қашу бабы алып тасталғаннан бері кез келген азаматтық белсенді, адам құқықтары саласында жүрген мамандар осы мәселені айтып келе жатыр. Соның 2025 жылы заңға енгізілгеніне қуану керек пе, білмеймін. Әлбетте, алға басатын қалам. Алайда, егер 1997 жылы соны Қылмыстық кодекстен алып тастамағанда, мүмкін мыңдаған қыздың тағдыры сынбас па еді?! 1997 жыл мен 2025 жылдың аралығында «алып қашу» деген бөлек бап болмағандықтан, Қазақстанда нақты қанша қыздың өзінің еркінен тыс күшпен ұрланғанын, қанша қыздың отбасы содан кейін бүлінгенін біле алмаймыз. Оны ешбір экономист, ешбір статист есептеп бере алмайды.

Қазіргі Қылмыстық кодекстің 125-бабы «Адам ұрлау» деп аталады. Бірақ біз қыз алып қашудың Қырғызстандағыдай, Әзербайжандағыдай бөлек бап болуын талап еткен болатынбыз. Дәл қазіргі өзгеріс бойынша бұл бап «Қыз алып қашу» емес, «Некеге тұруға мәжбүрлеу» деп аталады. Яғни, «қыз» деген сөз жоқ, адамның жынысы аталмайды. «Қыз алып қашу» деген баптың сипаттамасының болмауынан-ақ бұл жерде акцент «қыз алып қашуға» қойылған деп айта алмаймын. Әлбетте, адам ұрлаудың және қыз алып қашудың объективті, субъективті құқықтық мотивтері әртүрлі болғандықтан, Қазақстанда қыз алып қашу бойынша құқықтық статистика жүргізілмегендіктен және бұл заң қабылданғаннан кейін Қазақстанда қыз алып қашу мынанша пайызға азайды деп айта алмаймыз. Себебі Қазақстан Республикасының құқықтық қарым-қатынасын тек қана заң реттей алмағандықтан, кейбір өңірде ол әлі де дәстүр, мәдениет, тарих, «атадан қалған із», «әжеміз де солай отбасылы болған» деген сияқты ұғымдармен ақталатындықтан, тек қана бір бапты енгізу арқылы мәселе шешіліп кетеді дей

алмаймыз. Ол кешенді түрде әр тарапта жүргізілетін жұмыс.

— Былтыр Алматыда қыз алып қашып бара жатқан көлік апатқа ұшырап, бойжеткен қаза тапты. Сол уақыттарда Мәжілісте дәл осы мәселеге қатысты заң жобасы қаралып жатқан еді. Осылайша, Қылмыстық кодекске «Некеге тұруға мәжбүрлеу» бабы қосылды. Оған дейін де алып қашу Қылмыстық кодексте адам ұрлау фактісі ретінде қаралып жүрді. Тіпті қыз алып қашу көбіне stalkingтің шегіне жеткен, ең ауыр формасы екені де белгілі. Адамдар заңды білмей ме әлде қорықпай ма?

Мұрат ӘБЕНОВ:

— Қыз алып қашқандар 10 жылға дейін сотталды деп шешім қабылдасақ та, қыз зорлағандар бұдан аз 3-8 жылға қамалды немесе одан да кем. Сондықтан біз қыз зорлағандарға да жауапкершілікті көтеруіміз керек. Қыз ұрлауға қатысты заң өткен қыркүйекте ғана күшіне енді. Көбісі білмеуі мүмкін. Сол себепті азаматтарға түсіндіріп айтуымыз керек және бұл заңды орындалмаған құқық қорғау органдарының басышарын жауапқа тартуымыз қажет.

Қыз алып қашуды біз үш деңгейге бөлдідік. Қылмыс ашылмай қалмауға тиіс. Зерттеп көргенімізде, қыз алып қашу алдында бірнеше қылмыстың басталатынын байқадық. Біріншісі, қылмыскер қыздарды әлеуметтік желі арқылы аңдып бастайды. 2024 жылы осы бойынша Қылмыстық кодекске «Он алты жасқа толмаған адамдарға сексуалдық сипатта тиісу» деп аталатын 121-1-бапты енгізуді ұсындым. Көмелет жасқа толмаған қыздарға түрлі сурет жіберіп, мәжбүрлеу мақсатындағы әңгімелер айтатындар көп. Бұл да қыз зорлаудың бастапқы белгілері. Бұл бапты Қылмыстық кодекске кіргіздік, қазір жауапкершілікке тартылады. Бұл — бірінші деңгей. Одан кейін stalking басталады. Бұл — көмелет жасқа толған азаматшаны әлеуметтік желі арқылы бопсалап, артынан аңду. Шымкенттегі қайтыс болған 21 жастағы қыз әу баста осы stalkingке ұшыраған. Сондықтан азаматшалар желіде, өмірде қандай да бір қысымға тап болса, бірден, ойланбай stalking бойынша шағымдануы керек. Әріптесім Абзал Құспан stalkingті зерттеп, шетелдік тәжірибемен салыстырып, Мәжілісте ұсыныстар жасады. Осылайша, азаматтардың жеке бас бостандығын қорғау жөніндегі шараларды күшейту мақсатында және «Заң мен Тәртіп» тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде 2025 жылғы 16 шілдеде Мемлекет басшысы Қылмыстық кодекске 115-1 — «Stalking» жаңа бабы енгізілген заңға қол қойды. Stalkingті дәлелдеу үшін, жәбірленуші кемі 5-6 рет қылмыскердің мазалағаны жайлы факті тіркеуі және сол кездерде «мазаламауын ашық айтуы» керек. Сондай-ақ қылмыскердің зиян келтіруі де дәлелденеді. Мысалы, stalking жасаушының салдарынан бойжеткен сабаққа бара алмай, сыртқа шыға алмай қалуы мүмкін. Stalking жасаушыға полиция бастапқыда жазбаша ескерту жасауы, екінші рет қайталаса қамғау алуы мүмкін. Бірақ осындай ұсақ қылмыстың соңы қыз зорлауға немесе алып қашуға ұласады. Сол себепті былтыр 125-1 бап, яғни «некеге тұруға мәжбүрлеу» қылмысы кодекске енгізілді.

Әлімжан ЖҰБАТҚАНОВ:

— Қылмыстың алдын алу үшін жазаны күшейту жеткіліксіз. Бұл жерде басты мәселе — құқықтық сауат. Мектептерде, колледждерде, жоғары оқу орындарында некеге тұрудың құқықтық негіздері, ерікті келісім ұғымы, жеке шекара және қылмыстық жауапкершілік туралы жүйелі түсіндіру жұмыстары жүргізілуі қажет. Жастар заңды біліп өссе, мұндай әрекеттерге барудан

қорқады әрі оның салдары қандай болатынын түсінеді.

Сонымен қатар қыз алып қашу — қоғамға қауіпті қылмыс болғандықтан, мұндай істер бойынша тараптардың татуласуына немесе кешіріміне сүйеніп істі тоқтату қолданылмайды. Әсіресе, әңгіме көмелетке толмаған адамға қатысты, күш қолдану арқылы немесе адамдар тобы болып жасалған некеге мәжбүрлеу туралы болса, жәбірленушінің кейінгі кешірімі кінәлілерді қылмыстық жауапкершіліктен босатпайды.

“

Некеге мәжбүрлеу — бір қылмыс, ал жыныстық зорлық — Қылмыстық кодекстің 120-бабы — «Зорлау» бойынша қаралады. Зорлау үшін 5 жылдан 8 жылға дейін, ал көмелетке толмаған адамға қатысты немесе адамдар тобы болып жасалса, 12 жылдан 15 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделген.

Қыз алып қашу көбіне stalkingтен басталады.Тәжірибеде бұл жиі кездеседі. Қызды аңду, артынан қалмау, қайта-қайта мазалау, қысым көрсету — мұның бәрі stalking белгілері. Осыған байланысты Қылмыстық кодекске 115-1-бап — «Stalking» енгізілді. Бұл бап бойынша 200 айлық есептік көрсеткішке дейін айыппұл, 200 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстар немесе 50 тәулікке дейін қамқақ алу жазасы көзделген. Stalking белгілері байқалған сәттен бастап полицияға жүгіну ауыр қылмыстардың алдын алады.

Әйгерім ҚҰСАЙЫНҚЫЗЫ:

— 2025 жылы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 125-1-баппен («Некеге тұруға мәжбүрлеу») толықты. Алайда заңнамда арнайы бап пайда болғанымен, қыздарға қатысты қоғамдық көзқарас пен жыныстық-гендерлік зорлықтың мәдени қабылдануы өзгермей тұр. Қайтыс болған 21 жастағы Нұрай сол құрбандардың бірі әрі өкініштісі де сол, соңғысы деп те айта алмаймыз. Белгілі психолог Альберт Бандураның әлеуметтік үйрену теориясы бойынша, адам мінез-құлқы тек тікелей тәжірибе, жазалау немесе мадақ арқылы ғана емес, басқалардың әрекетін бақылау арқылы да қалыптасады. Бұл құбылыс ғылымда бақылау арқылы үйрену (observational learning) деп аталады. 1961-1963 жылдары жүргізілген айгілі Bobo Doll тәжірибесінде балаларға ересек адамның агрессивті әрекеті көрсетілді. Кейін балалар ойын бөлмесіне жіберілгенде модельденген әрекетті сол күйінде қайталағаны, кейбірінің қосымша агрессия ойлап тапқаны байқалды.

Бұл тәжірибе зорлықты тек тікелей көрудің өзі мінез-құлық моделін қалыптастыратынын дәлелдеді. Бандура бұл құбылысты жалпылап, медиа тек ақпарат бермей, мінез-құлық үлгілерін ұсынады деп пайымдады. Егер агрессивтік әрекет жиі көрсетілсе, жазаланбаса немесе марапатталса, онда ол қалыпты модель ретінде қабылдануы мүмкін.

Бүгінгі медиа алаңда бұл механизм мынадай тізбекпен сипатталады. Яғни, зорлықты көп көру эмоционалдық сезімталдықты төмендетеді (десенсилизация), зорлықты әлеуметтік тұрғыда қалыптауға айналдырады (нормализация), мінез-құлықты менгеруге жағдай жасайды (үйрену).

Гендерлік зорлық туралы контент көбіне агрессивті әрекет етуші субъект, әйелді объект немесе құрбан ретінде бейнелейді. Бұл ұзақ мерзімде гендерлік нормаларды қайта өңдіруді күшейтеді. Сол үшін кез келген зорлыққа қатысты бейнені не ақпаратты бөлісуге асықпау керек. Зорлыққа қарсы күрес тек заңға емес, санаға сүйенсе ғана нәтиже береді.

— Статистикаға сүйенсек, соңғы бес жылда қыз алып қашу фактісі бойынша 256 шағым түскен. Соның тек бесуі ғана сотқа жетіпті. Ендеше, қыз алып қашуды ұйымдасқан қылмыстық топ құрумен бірдей деңгейде қатаң жазалау керек пе?

Мұрат ӘБЕНОВ:

— Жоғарыда айтқанымдай, қыз алып қашқандарды 10 жылға дейін бас бостандығынан айырдық. Бірақ қыз алып қашумен бірге қызды зорлағандардың да жазасын ауырлатуымыз керек. Бұл мәселенің ескерілмей қалғаны біздің кінәміз екенін мойындаймын. Қазір қыз зорлағандар 3-8 жыл арасында ғана сотталады. Бұл жерде қылмыскерлер қызды алып қашып, зорлап, аз жауапкершілік арқалауға ұмтылуы мүмкін. Сондықтан жақын арада Қылмыстық кодексте қыз зорлауды аса ауыр қылмыс деңгейіне жеткізу мәселесін ұсынамын. Өкінішке қарай, құқық қорғау органдары көп жағдайда қыз алып қашуды, зорлауды қылмыс деп санамайды. Көп адамдар 125-1 бапты енгізген кезде «қыз алып қашу — дәстүр» деп қарсы болды. Бұрын қазаққа ата-анасы тұрмысқа шығуына келісім бермесе, қыз өзі жігітпен келісіп қашатын. Басқа жағдайларда жігіт қызды зорлап, өзіне әйел етсе, өлім жазасына дейін кесілген. Екі әулет, екі ру сол үшін соғысуға дайын болған. Өйткені қазаққа қыздың орны төрде болған. Ал қазір қыздардың құқығын отбасы ғана емес, мемлекет те қолға алып қарап отыр. Ең көп қыз алып қашу оңтүстік облыстарда жиі кездеседі. Былтыр Түркістан облысында 13 қыз алып қашу тіркеліпті. Менің ойымша, аймақтағы полиция қыз алып қашуға немқұрайды қарайды. Егер қызды топтасып алып қашатын болса, онда қылмыскерлер 8 жылға бас бостандығынан айырылады. Бұлардың ішіне — көлік жүргізуші, үйде күтіп алған апалар, жеңгелер бәрі кіруі керек. Ешқайсын аямауымыз қажет. Оның барлығы — қылмыскер. Шымкенттегі 17 жастағы қыздың оқиғасында, оны жібермей әңгімеге тартқан әжелерді де сотқа дейін 2 ай түрмеге қамап қою керек. Біреудің өсіріп отырған қызын жасы үлкен болса да сол әжелер басқа бөлмеге кіргізіп, зорлауға мүмкіндік берген. Алып қашқан жігіттің сыбайласы болған. Міне, осылай қатан қарамақса, қоғам өзгермейді.

Әлімжан ЖҰБАТҚАНОВ:

— Қазіргі заңнам бойынша қыз алып қашу әрекеттері үшін жауапкершілік жеткілікті деңгейде қатаңдатылған. «Некеге тұруға мәжбүрлеу» бабының екінші бөлігінде адамдар тобы, алдын ала сөз байласу арқылы жасалған әрекеттер ауырлатытын жағдай ретінде нақты көрсетілген және ол үшін 3 жылдан 7 жылға дейін, ал ауыр зардаптар болған жағдайда 5 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған.

Сондықтан мұны ұйымдасқан қылмыстық топ ретінде бөлек қарастырудың қажеті жоқ. Негізгі мәселе — құқықтық сауаттылықтың төмендігі және заңның толық қолданылмауы. Көп адам қыз алып қашуды әлі де «дәстүр» деп қабылдайды. Себебі бұл заң тек 2025 жылы қабылданып, күшіне енді. Егер заң бұрыннан белгілі болса, мұндай әрекеттерге ешкім бармас еді. Қазір заңның толық жұмыс істеуі арқылы мұндай жағдайларды алдын алу мүмкіндігі бар және алдағы уақытта қыз алып қашу оқиғалары азайып, қоғамда тоқтайды деп ойлаймын.

Әйгерім ҚҰСАЙЫНҚЫЗЫ:

— Қыз алып қашуды қылмыс ретінде қарастыратын кезде құрбым Қалида Жолыдова: «жолда жатқан әжейлерді де жауапқа тартайық» деп ұсынды. Негізгі, қылмыстық бапта «топтасқан қылмыс» деген бұрыннан бар. Бірақ ол жерде әжелерді жауапқа тартпайды. Мен бұл жерде әжелерді кінәлаудан сәл аулақ болатын едім. Себебі, ол апалардың басқа көрген моделі жоқ. Әздері солай келді, әздері өз заманының құрбаны. Оларды екінші рет жазалайтын болсақ біздің әділеттігіміз қайда?

Қазір ақпараттық-мәдени жұмыстар жүргізілуі керек. Жарнамада болсын, телеарнада болсын — кез келген жерде қыз алып қашу қылмыс екенін айта беру қажет. Бұрын ол атадан қалған дәстүрге баланып келді. Ол дұрыс емес. Ол туралы этнографтар да, тарихшылар да айтқан. Қыз бен жігіттің әке-шешесі үйленуге рұқсат бермеген кезде, бірге қашып кетуі — басқа мәселе.

Ал бізде Қазақстанда етек жайған дүние — танымайтын қызды өзінің еркінен тыс алып кетуі немесе сыртынан жүрген жігіттің әйел ету мақсатында қызды күшпен алып кетуі. Қыздардың осыны біле тұра, өзін танымайтын, сүймейтін адамдармен отбасы құрып кетуі, тәзіп кетуі қоғамның үлкен дерті болды. Неліктен? Себебі бізде «қызға қырық үйден тыю», «қыздың жолы жінішке» деген мақалдарға қарап, біз қыздардың отбасылық өмірі, некесі зорлықпен басталуы қалыпты деп қабылдап келдік.

Кез келген заң қоғамды бүгін-ертен өзгерте алмайды. Заң — өте конструктивті, өте консервативті жүйе. Яғни, заңның іске асуын, оны халықтың қабылдауын, оған бейімделуін анықтайтын мамандар: психологтар, әлеуметтанушылар, антропологтар сынды бүкіл ғалымдар, азаматтық қоғам — барлығымыз бірге жұмыла жұмыс істеуіміз керек. Қыз алып қашудың қылмыс екенін, оның салдарын жайлы көбірек айту, қыз алып қашу жайлы киноларды көрсету арқылы, санамызда жылдар бойы қалыптасқан «ата-бабамызда қыз алып қашу дәстүрі болған» деген сөзді жокқа шығаруға тура келеді. Бұл — қиынның қиыны.

Дайындаған Көктем ҚАРҚЫН

АЙМАҚ

20 ҚАҢТАР 2026 | СЕЙСЕНБІ

Қаңтар мінез көрсетті. Қаһарлы қыс қаңтардың бел ортасына келгенде күрт суытып, аяз қыса бастады. Қыстың қатал сыншы екендігі дәл сол уақытта айқындала түсті. Теміртау қаласында түнде тұтас шағынаудан жылусыз қалған еді. Оқиға дауылды күні болды, сол уақытта өңірде ауа температурасы –30 градусқа дейін төмендеген.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы



Елпәр КАБА (қолжазба)

АЯЗДА ЖЫЛУСЫЗ ҚАЛДЫ


пар бойынша 35 шақырым құбыр ауыстырылмақ.

Ескіні жанарту қолға алына бастағаны жакында ғана. Теміртаудын әбден тозығы жеткен жарык және жылу желісі біртіндеп жанара бастады. Оған соңғы екі үш жылдан бері бюджеттен 12 миллиард тенгеден астам қаржы бөлінген.

Сондықтан қала тұрғындары жаз шыға, қазылған жерлер мен жабылған көшені айналып өтеді. Бірақ бұл жұмыс алдағы ондаған жылдарға тұрғындардың жайлы тұруына бағытталған шаралар дейді қала билігі.

Теміртаудын тұрғындары ауа райы бұзыла бастаса, май шамын қамдап, су жинап алуға асығады. Сәл жел соға қалса, қараңғыда отыруға да еті үйренген. Электр қуатынсыз суды қуатын сорғылар істен шығады.

— Орталық сорғыны стансадағы құрылғылар әбден тозған. Оны көзімізбен көрдік. 60 жылдардағы мұрағат экспонат тәрізді. Оны жөнге келтіру де мүмкін емес. Өйткені оның қосымша бөлшектері қазір шығарылмайды. Сондықтан үнемі істен шығып, халық сусыз қалады. Қала тұрғындары коммуналдық жайсыздықтарды жыл сайын басынан



өткізеді. 2022 жылы жылу магистралінің тозуы 75 пайызды көрсетті. Сол қыста жұрт қалтырап отырып қысты өткізген, — дейді Теміртау қалалық қоғамдық кеңес мүшесі Антон Поляков.

Содан кейін ғана қала билігі республикалық бюджеттен ақша сұрады.

— Тиісті бақылау болмады. Бұрын тозығы жеткен құрылғыларды уақытылы айырбастау керек деген қағида болатын. Қазір олай емес. Оны жоғарыға айтып ешкім басын ауыртқысы келмеді. Ақыры осындай жағдайға әкелді. Теміртау қаласы жылу және су құбырлары күрделі жөндеу дегенді соңғы алпыс жылдан бері көрген емес. Тек ұсақ-түйек жұмыспен шектелген. Коммуналдық қызмет тарифтін төмендігінен құлашты кеңге жая алмадық деп ақталады. Енді мемлекет қаржысы құйыла бастады, — дейді қоғамдық кеңес мүшесі Румиль Сабиров.

Дәл осындай жағдай 5 жыл бұрын да болған еді. Сол уақытта тозығы жеткен құбыр салдарынан Теміртау тұрғындары аязда жылусыз қалды. Мұның себебі қаланы жылумен қамтамасыз ететін ЖЭО-2 жөндеу деп аталды. Келтірілген қолайсыздық үшін Теміртау қаласының әкімі Қайрат Бегімов тұрғындар алдында кешірім сұрады.

Сол жағдай тағы да қайталанды. Бұл жолы жана әкім Ғалым Әшімов халық алдына шықты.

— 1970 жылдардан бері күрделі жөндеу көрмеген құбырдың ескі учаскесі зақымданғаны анықталды. Зақымданған орын табылды, мамандар қалпына келтіру жұмыстарына кірісті, апаттық-қалпына келтіру бригадалары жұмыс істеп жатыр, барлық қажетті күш пен техника жұмылдырылды, — деді қала әкімі Ғалым Әшімов.

Ескіні жанарту жұмыстары жүріп жатыр, бірақ, жұмыс дұрыс жүргізіле ме? Тағы да келесі әкім халықтан кешірім сұрап тұрмай ма? Оны алдағы уақыт көрсетеді.

АЛИМЕНТІҢ ҚАЙДА, ӘКЕТАЙ?

Бала үшін ең ауыр сезім – әкесінің бар бола тұра, жауапкершілігінің жоқтығы. Өкінішке қарай, бұл бүгінде бір отбасының емес, тұтас қоғамның мәселесіне айналған. Шымкент қаласында ғана баласына алимент төлеуге міндетті 13 мыңнан астам азаматтың болуы – осының айқын дәлелі. Ал солардың жүздегені өз перзентінің алдындағы борышынан саналы түрде жалтарып жүр. Былай қарағанда, алимент дегеніміз – баланың тамағы, киімі, білімі, денсаулығы, яғни баланың болашағы. Өкінішке қарай, көптеген әке заңсыздықтан емес, шындап келгенде адамгершіліктен, жауапкершіліктен аттап жүр.



Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

Шымкент қалалық Әділет департаментінің мәліметінше, бүгінде алиментке қатысты 13 727 атқарушылық іс тіркелген. Соның ішінде 603 борышкер түрлі сылтаумен қарызын төлеуден жалтарып келеді. Ал 2025 жылы ғана балалары алдындағы міндетін орындамаған 98 азаматқа қатысты соттың айыптау үкімі шыққан. Бұдан бөлек, 256 адам әкімшілік қаматқа алынған. Демек, әкесінің көмегіне мұқтаж осындай бала бар. Шымкент қалалық Әділет департаментінің басшысы Айнуір Исабекованың айтуынша, заң алименттен жалтарғандарға қатысты қатаң шаралар қабылдауға мәжбүр. «Балаларының алдындағы міндетін орындамаған 100-ге жуық борышкерге сот үкімі шықты. Заң бәріне ортақ. Әке атанған адам жауапкершіліктен қашпауы керек», — дейді ол.

Алайда Әділет департаментінің жұмысы тек алиментпен шектелмейді. Қалада зияткерлік меншік құқығын қорғау, адал бәсекелестікті қамтамасыз ету бағытында да нақты нәтижелер

Шымкент қалалық Әділет департаментінің мәліметінше, бүгінде алиментке қатысты 13 727 атқарушылық іс тіркелген. Соның ішінде 603 борышкер түрлі сылтаумен қарызын төлеуден жалтарып келеді. Ал 2025 жылы ғана балалары алдындағы міндетін орындамаған 98 азаматқа қатысты соттың айыптау үкімі шыққан.

бар. Шымкентте өзге біреудің тауар белгісін заңсыз пайдаланған тұлғаларға қатысты 50 әкімшілік іс қозғалған. Бұл — кәсіпкерлердің құқығын қорғауға бағытталған маңызды қадам. Сонымен қатар заңсыз айналымнан жалпы құны 35 миллион теңгені құрайтын 58 062 дана контрафактілік өнім тәркіленген. Мамандардың айтуынша, жасанды тауарлардың басым бөлігі — тұрмыстық химия мен тағам өнімдері. Яғни, бұл мәселе тек экономикалық емес, тікелей адам денсаулығына қауіп төндіретін жағдай.

«Сот шешімі шыққаннан кейін контрафактілік өнімдер арнайы қаулы негізінде толықтай жойылады. Бұл процесс ашық түрде жүзеге асырылады», — дейді Айнуір Исабекова. Жақсы жаңалық та жоқ емес. Кәсіпкерлер

жағдайда алимент төлемеудің артында «жұмысым жоқ», «табыс аз», «бұрынғы отбасымен аразбын» деген сылтаулар айтылады. Алайда заң үшін де, қоғам үшін де бұл ақталу емес. Өйткені алиментті бұрынғы жұбайына ренішпен шатастыруға болмайды. Баланың тамағы, киімі, мектебі, дәрісі әкесінің көңіл күйіне немесе қарым-қатынасына тәуелді болмауға тиіс. Тереңнен ойласақ, мәселенің ушығуы мемлекетке қосымша салмақ салады. Әкесінің міндетін орындамаған жүктің орнын бюджет, әлеуметтік бағдарламалар мен қайырымдылық шаралары толтыруға мәжбүр. Демек, бір адамның жауапсыздығы тұтас қоғамға әсер ететінін көрсетеді. Қамқорлық көрмеген бала ертең қоғамның ең әлсіз тұсына айналуы мүмкін.

Атырау облысында болған тағы бір тосын жағдай елді елең еткізді. Бұл жолы әңгіме жай ғана жазатайым оқиға емес, адам өмірі мен еңбек қауіпсіздігіне салғырт қараудың салдары туралы болып отыр. Желтоқсан айында Индер ауданына қарасты Көктоғай ауылында «Атырау-Жарық» ЖШС-ның электрiгi, 25 жастағы Еламан Сағиев жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде тоққа тартылып қалды. 10 кВ кернеулі электр доғасының астында қалған жас маман қазіргі уақытта жансақтау бөлімінде өмір үшін күресіп жатыр.

ТОҚҚА ТҮСКЕН ТАҒДЫР

Баян ЖАНҰЗАҚОВА,
Атырау облысы

Оқиға болған сәтті көрген Көктоғай ауылының тұрғындары сол күнгі көріністі әлі ұмыта алмайды. «Бағананың басынан найзағай секілді жалын шарпылды. Бір сәтте бәрі өртеніп кеткендей болды», — дейді куәгерлердің бірі. Еламан Сағиев сол күні бағана басында электр желісін жалғап жатқан. Алайда қауіпсіздік техникасының ең басты талабы — «тоқ беру» туралы нақты команда күту сақталмаған. Өрлік елді мекеніндегі подстанция қызметкері рұқсатсыз ток қосып жіберген. Салдарынан Еламан Сағиев электр доғасы шарпып, денесінің бірнеше бөлігін күйік шалды.

КОРҒАНСЫЗ ҚАЛҒАН ЖҰМЫСШЫ

Зардап шегушінің туған әпкесі Қарлығаш Қайыржанованың айтуынша, қазіргі уақытта наукастың жағдайы ауыр. Дәрігерлер наукастың аяқ-қолы ампутиациялануы мүмкін екенін айтты. «Оқиға Көктоғай ауылының территориясында бағанада ток жалғау барысында болды. Ең сорақсы, қауіпсіздік техникасына жауапты маманның болмағаны және «тоқ қосу» жөнінде команда берілмей тұрып, подстансаға электр қуаты қосылып кеткені. Оның үстіне, інімнің үстіндегі қызметтік киімі тоқтан қорғайтын арнайы киім емес. Қолында кәсіби диэлектрлік қолғап та болмаған. Үйден алып шыққан қарапайым мата қолғаппен жұмыс істеп жүрген. Қыс мезгіліне сай жылы, қорғаныш киімі де берілмеген. Ал ол киіп жүрген форманы мекеме 2024 жылы берген, бір жыл ішінде қызметтік киімнің тоз-тозы шыққан, — дейді ол.

Ол ол ма, жас маманда рация секілді байланыс құралдары да болмаған. Еламан Сағиев алдымен Индер аудандық ауруханасына жеткізіліп, кейін Атырау облыстық ауруханасына ауыстырылды. Атырау облыстық Денсаулық сақтау басқармасының мәліметінше, ол 10 кВ кернеулі электр доғасының әсерінен электр күйігін алған. Оң қолы, сол жақ саны, оң балтыры мен аяқ башпайлары зақымданған. Күйік көлемі — шамамен 15 пайыз.



13 ЖЫЛ БҰРЫНҒЫ ҚАЙҒЫЛЫ ЖАҒДАЙ

Бұл оқиға Сағиевтер әулеті үшін алғашқы соққы емес. Дәл осы сала, дәл осы жұмыс...

2012 жылдың 2 тамызында, яғни осыдан 13 жыл бұрын, бағана басында ток жалғау кезінде Еламан Сағиев оқиға орнында қаза тапқан. Ол кезде де жұмыс «Атырау-Жарық» жүйесінде болған. Алайда отбасының айтуынша, іс сол күйі әділ тергелмей, «жабулы қазан» күйінде қалған.

— Ешкім жауапқа тартылмады. Ол кезде отбасымызға ешқандай көмек көрсетілген жоқ. Енді Еламанның жағдайы да «жабулы қазан» күйінде қалмай, қажетті емдомын алуына барлық жағдай жасалса және кінәлілер жауапқа тартылса дейміз. Қазіргі уақытта «Атырау-Жарық» мекемесі тарапынан Еламан Сағиевтің жеткізу және жанында болатын екі туысының бас қалаға жол жүру, тұрақтау шығындарын өтеу бойынша көмектер көрсетілуде. Бауырым аман-есен ортамызға оралса екен», — дейді зардап шегушінің туған әпкесі Қарлығаш Қайыржанова.

Оқиға болған күні, 19 желтоқсанда, Индер ауданына қарасты

Өрлік ауылындағы «Жалғас» кафеінде Энергетиктер күніне арналған мерекелік көш өткен. Ал келесі күні, 20 желтоқсанда, Атырау қаласындағы «Алтын шатыр» мейрамханасында «Атырау-Жарық» ЖШС басшылығы мерекелік отырыс өткізгені айтылуда. Ал сол сәтте Еламан Сағиев жансақтау бөлімінде өмір мен өлім арасында жатқан.

СТАТИСТИКА НЕ ДЕЙДІ?

Денсаулық сақтау басқармасы барлық медициналық көмектің көрсетіліп жатқанын хабарлады. Ал «Атырау-Жарық» ЖШС қызметтік тексеру басталғанын, ем-дом шығындарын өтейтінін мәлімдеді.

Бірақ бұл жеткілікті ме? Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне қарасты мемлекеттік еңбек инспекциясы комитеті Атырау облысы бойынша департаментінің өкілі Сабыржан Төлегеновтің сөзінше, 2025 жылдың қантар-қараша айларында Атырау облысында 51 өндірістік жазатайым оқиға тіркелген. «Салдарынан 44 адам ауыр жаракат алып, 7 адам қаза тапты. 28 қылмыстық іс қозғалды. Оқиғалардың басым бөлігі — құрылыс, мұнай-газ және қызмет көрсету саласында орын алып отыр. Бұл жерде басты себептер — еңбек қауіпсіздігін тиісті деңгейде ұйымдастырмау, арнайы қорғаныш құралдарының болмауы және ішкі бақылаудың әлсіздігі», — дейді ол.

Қазіргі уақытта Еламан Сағиевті жүкті жұбайы, бір жасар баласы, карт ата-анасы күтіп отыр. Ол — отбасының жалғыз асыраушысы. Бүгінде бұл іс жеке трагедиядан әлдеқашан асып, қоғам үшін маңызды мәселеге айналып отыр. Айтпақшы, жергілікті прокуратура осы жағдай бойынша қылмыстық іс қозғалғанын хабарлады. Қазіргі уақытта Индер аудандық полиция бөлімі «Еңбекті қорғау қағидаларын бұзу» бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастады. Еңбек инспекциясы комитеті қызметтік тексеру жүргізуде.

Астана қаласындағы Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығына (НҚЦЭМ) ауыр жағдайда жеткізілген 25 жастағы науқасқа бірнеше апта бойы қарқынды медициналық көмек көрсетілді. Дәрігерлер ішкі ағзалардың қызметін қалпына келтіру үшін барлық қажетті шараларды қабылдап, наукастың өмірін сақтап қалуға күш салды.

Алайда қол-аяқты аман алып қалу мүмкін болмады. 16 қантар күні өткен дәрігерлік консилиумның шешімімен сол аяқ тобықтан төмен, оң қол білезіктен төмен ампутиациялау қажеттігі анықталды. 19 қантар күні үш сағатқа созылған операция барысында наукастың аяқ-қолы кесілді.

Дәрігерлердің айтуынша, науқас бір ай бойы өмірі үшін күрескен. Күндіз-түні ауырсынумен арпалысып, үлкен моральдық және физикалық сынақтан өткен. Қазіргі уақытта оның өміріне қауіп жоқ, жағдайы тұрақты.

20 ҚАҢТАР 2026 | СЕЙСЕНБІ

Бүгінде тасты қашап, одан түрлі тұрмыстық заттарды жасайтын дизайнерді табу мүмкін емес сияқты. Бірақ осы бір сирек кәсіпті игерген Данияр Удербеков жасаған бұйымдар далалық модернизмнің манифесі ретінде бағаланып жатыр. Олардың артықшылығы сол – өздігінен биосыдырайды. Ол дегеніміз – бірнеше жыл өткеннен кейін қалдық қалмай, табиғатқа зиянын келтірмейді.

Далалық МОДЕРНИЗМНІҢ ҮЛГІСІ

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Дизайнерлер туралы сөз болғанда, материал мәселесі көбіне екінші, тіпті үшінші орынға ысырылып қалады. Алайда Данияр Удербековтің шығармашылығына үнілсек, жұмысы әуелі материалдан басталатынын аңғарамыз. Дизайнер шикізат ретінде сонау неолит дәуірінен бері келе жатқан өзен жонып қалыптастырған тастарды пайдаланады. Мыңдаған жылдық тарихы бар тас пен шифрлық құралдардың тандемінен пайда болған бұйымдар Fab-lab стиліне тән. Дайын табиғат өнімінен жасалатын бұйымдар он-жылдықтарға дейін қызмет ете алады.

«Маған салмағы 100 келіден асатын, бір жағы тегіс, екінші жағы домалақ тас керек болды. Алматыда мұндай валундар өзен арналарының бойында жатады. Құюдың не өңдеудің орнына, табиғаттың өзі жасап қойғанын тауып, оны қызметіне сай қолданымын», — дейді.

Мәселен, 10 Nodes креслосында киіз тас орындық қаңқаны тұтас бір бөлшек күйінде, тіггісіз, қаптамасыз көрпедей орап тұрады. Сондықтан ол берік, ажырап кететін жері жоқ. Дизайнердің жұмысы алдымен функционалдық тапсырмадан басталады. Егер ағаш ұстаханасы жоқ болса, қажетті элементтерді 3D-принтермен шығарады. Ал тігін цехы болмаса, өзін-өзі ұстайтын материал іздейді, ол — киіз. Осылай жасалған бұйымдардың саны бүгінде оңға жетіп, өз алдына жана визуалды колка айналды.

Данияр Удербековтің тағы бір ерекше бұйымы — «Кой басы» үстелі. Үстелді жасау үшін ол арнайы Ұлттық музейге барып, сако-



сармат археологиясын зерттеп, кейін Пушкин музейіндегі «Сарматтардың алтыны» көрмесіне барып қайтқан. Бұл үстел Бельгиядағы көрмеде көрсетілген. Көрмеде ол тек экзотика ретінде емес, далалық модернизмнің манифесті ретінде бағаланған бұйым ретінде сипатталады.

«Бұл жұмысты бытыр Еуропада, Брюссель қаласында (Бельгия) таныстырдым. Сол кезде байқағаным, адамдар үстелді алғаш көргенде қатты таңғалды. Себебі үстелдің астыңғы бөлігі — массивті, геометриялық, текше пішінді, қой басына ұқсас құрылым. Ол стилистикалық тұрғыда тарихи мұраға, дәстүрлі форма мен заманауи өңдеуге сүйеніп жасалған. Мен үшін дала модернизмі — бұл көшпелі өмір салтымен тығыз байланысты ұғым. Ол ең алдымен минимализмді, табиғатпен үндестікті, мобильділікті білдіреді. Көшпелілер белгілі бір затқа қатты тәуелді болмаған. Ертеде біздің өмір салтымыз сондай еді. Бүгінде осындай қағидалар бүкіл әлемде өзекті болып отыр. Заманауилыққа бет бұрсақ та, табиғи материалдарды қолдануға ұмтылыс күшейіп, қалдықтарды мүмкіндігінше пайдаға асыруға тырысып жүрміз. Бұйымдарды жасауда өздігінен биосыдырайтын немесе табиғи материалдарды таңдаймын. Мысалы, табиғи тас, мәрмәр, гранит, кейде ағаш сияқты материалдар», — деді ол.

Жалпы, футуро-архаизм деген не? Ол қандай бұйымдар деген сұраққа кейіпкеріміз өткен мен болашақты тоғыстыратын көркемдік әрі дүниетанымдық ұғым, яғни бола-

шақта көне дүниелерді пайдалану деп түсіндірді. Дизайнердің пайымдауынша, болашақта адамзат ежелден келе жатқан, ата-бабаларымыздан қалған материалдарға қайта оралады. Ағаш, саз балшық, өсімдік тектес материалдар және табиғи тас сияқты материалдар жұрттың қажетіне жарап, кенінен қолданылатын болады. Бұл өз кезегінде құрылыста және бұйым жасауда металды немесе ұлы қоспаларды, мысалы ПВХ пластикті, ағаш жаңқалы тақта, ағаш талшықты тақта және басқа да синтетикалық материалдарды қолданбауға деген әрекетті білдіреді.

«Қазір де, болашақта да бұл табиғи материалдар органикалық ортада пайдаланылатын болады. Себебі заманауи материалмен жұмыс істеу энергияны өте көп қажет етеді. Елестетіп көріңіз, мысалы Мәскеуде жасалып, кейін тасымалданып жеткізілетін тұрмыстық бұйымға қыруар ақша төленеді. Мұндай жүйе ұтымсыз, өйткені тасымалдауға көп энергия жұмсалады, ал ол энергия қайта қалпына келмейтін ресурс. Сондықтан болашақта жергілікті, табиғи әрі энергияны үнемдейтін тәсілдер әлдеқайда ұтымды болады. Мен өз бағытымды осы көзқарасқа негіздеймін», — дейді Данияр Удербеков.

Кейіпкеріміздің шығармашылық жолы кез келген мамандықты игеруге алдымен кәсіби білімнің болуы керек деген түсінікке өзгеріс әкелгендей. Өйткені ол дизайнды 40 жасында таңдаған. Осы жасында оқуын оқып, сирек кездесетін кәсіпті дамытып келеді. Айтуынша, бұл салаға келмей тұрып, хард, софт скиллдерді де жетілдірумен айналысып, Қазақстанның халықаралық көрмелердегі павильондарын жасайтын компанияда тәжірибесін шырдаған. Жапония, Корея, Қытай, Еуропа елдері дүниетанымын кеңейткенін мақтанышпен еске алады. Қазір көпшілік интерьер-дизайн үшін маманды іздеп әуре болмай,



Pinterest қосымшасына жүгінеді. Дәл осы платформадағы суреттерге қарап жасалған дизайнердің попсалық үстелі қазір жеке қолтаңбасын қалыптастырыпты. Яғни, мұнда Данияр Удербековтің әртүрлі стильдегі футуро-архаикалық туындылары жұрттың әуесін оятып, үлгі ретінде пайдалануда.

Әңгіме барысында кейіпкерден басқа да бұйымдары туралы айтып беруін сұрадық. Солардың ішінде ең қызықты тербелмелі орындық бар. Оны жасау үшін Алматыға жақын тауда орналасқан өзен тасын қолданған. Бұл — табиғаттың өзі өңдеп, домалатып, жылдар бойы тегістеген тасы.

«Менің жобама дәл осындай пішіні дөңгеленген, сопақша қимасы бар тас қажет еді. Себебі тербелу, шайқалу қозғалысы пайда болуы үшін тастың формасы ерекше маңызға ие. Табиғи түрде қалыптасқан осындай «форш-тас» сол қозғалысты дәл беруге мүмкіндік берді. Бұл жобаның философиясы мен үшін өте маңызды. Жүздеген мың жыл бойы табиғаттың өз күшімен, өзен аңғарында қалыптасқан материалды сол күйінде пайдаландым.



Яғни, бұл — адам мен табиғат арасындағы тікелей диалог.

Екінші жобам — Low Table деп аталатын қатты биік емес үстел. Оның беткі бөлігін қоңыр түсті кальциттен жасадым. Бұл — тегіс, дөңгелек пішінді тас тақта. Тастың сыртын киізбен орап, қошқармүйіздің пішініне келтірдім. Мұндай форма ерте заманда, ата-бабаларымыз қолданған көне үнді ағаш үстелдеріне тән болған. Мен сол дәстүрлі форманы сақтай отырып, үстелдің беткі бөлігін таспен жасадым, ал астыңғы тірек бөлігін металдан жасадым. Кейін оны көрмеге ұсындым. Көрмеге келген адамдар тек үстелдің формасына ғана емес, қолданылған тастың өзіне де ерекше назар аударды. Табиғи тас өзінің сұлулығымен, салмағымен және терең мағынасымен көрерменге әсер етті», — деп түсіндірді Д. Удербек.

Осылайша, шағын шеберханада әлемді таңғалдыратын бұйым жасаған шебер «Көшпелілер мәдениетінің мұрагері» болуды қалайды. Айтуынша, бұл тарихи қызығушылықтан басталады. Қазақстан аумағында өмір сүрген көне тайпалардың, сактардың, ғұндардың, басқа да ежелгі көшпелі халықтардың тарихын, әсіресе Алматы өңірінде

Дизайнердің туындыларының ішінде 3D-баспа технологиясын Орталық Азия халықтарының дәстүрлі аяқкиім эстетикасымен ұштастыратын UDRB модульді кроссовкалары да бар

мекендеген қауымдарды зерттеу «мұрагер» болуға жетелейтін қадамдардың бірі саналады.

Дизайнердің туындыларының ішінде 3D-баспа технологиясын Орталық Азия халықтарының дәстүрлі аяқкиім эстетикасымен ұштастыратын UDRB модульді кроссовкалары да бар. Классикалық модельге балама ретінде жасалған бұл аяқкиім толықтай бөлшектелетін формада тігілгені. Д. Удербековтің айтуынша, мұндай шешім әрбір элементті жеке ауыстыруға, жөндеуге және қайта өңдеуге мүмкіндік беріп, аяқкиімнің қызмет ету мерзімін ұзартып, оны экологиялық тұрғыдан тиімді етеді.

«Жобаны әзірлеу барысында жұмсақ табаны бар жеңіл былғары етіктер — мәсі мен іштіктің эстетикасына жүгініп, оны заманауи қолданымға бейімделдім. UDRB үш негізгі бөліктен тұрады: термопластикалық полиуретаннан (TPU) 3D-принтерде басылған илгіш табан, былғарыдан жасалған ішкі бөлік және Алматының таулы ландшафттарын еске салатын альпинистік арқаннан құралған баулау жүйесі. Қатты фурнитурадан айырмашылығы, арқан аяққа жұмсақ әрі жеңіл қонып, сонымен қатар сенімді бекітуді қамтамасыз етеді. Болашақта аяқкиімнің табанын жер бедері мен маусымға қарай ауыстыруға мүмкіндік туады. Дәл осындай жұмыстар көлөнер дәстүрлерін тереңірек енгізуге жол ашады, — деп сөзін түйді ол.

Үйдің интерьері үшін әлемі бұйымдарды таңдау жеткіліксіз. «Сырты бүтін, іші түтін» деген сөздің астарына үнілсек, алатын бұйымның қандай шикізаттан жасалатынын да ескерген жөн. Кейіпкеріміз жасаған бұйымдарды қазір көбіне Еуропа елдері тапсырыспен алдырады екен. Бұл бір жағынан қазақ көлөнеріне, қазақ маманына деген сұраныстың артып тұрғанының көрсеткіші. Табиғатқа зиян келтірмей, мәні мен мағынасы терең дүниелерге сұраныс артқан бүгінгі кезеңде мұндай жұмыстар эстетикалық құндылық емес, уақыттың да талабына айналып келеді.

СУРЕТШІ ӘЙЕЛДЕР КӨРМЕСІ ӨТІП ЖАТЫР

Астанада қазақстандық суретші әйелдердің көрмесі ашылды. Онда отандық және халықаралық өнер кеңістігінде есімі көпке танымал қылқалам шеберлерінің жұмыстары қойылды.



Олардың қатарында — Алтыншаш Алпысбаева, Рахат Сапарәлиева, Илсуар Казакова, Рашида Мусагаева, Динара Нугер сияқты белгілі суретшілер бар. Әйел жан дүниесінің нәзік қырларын ашатын сурет туындылары қалың көпшіліктің ықыласына бөленді. Көрме «Сенім» деген атаумен өтуде. Өнер жолындағы қыз-келіншектердің шығармашылығын кенінен насихаттауға бағытталған шарда 150-ден астам туынды келушілер назарына ұсынылды.

— Мен керемет әсер алдым. Өйткені бұл ұлттық музей шаңырағында болып жатқан көрме. Жай ғана көрме емес, қыздар ұйымының көрмесі. Мықты қыз-келіншектерден жиналған талантты суретшілер. Оның ішінде Жәмила бастаған. Әрине, осы алғаш 25 жыл бұрын алғаш бастағанда қыздар не істеуі мүмкін дегендей ешкім сенбеп еді, бүгін нәтижесін көріп тұрмыз, — деді Қазақстан суретшілер одағының мүшесі Естай Даубаев.

Ұлттық киімдегі әйел бейнелері, ана махаббаты мен ана бақыты тақырыптарын арқау еткен жұмыстар көрермен тарапынан ерекше бағаға ие болды. Көрме үш ай бойы жалғасады.

КИНОДАН КЕЙІНГІ ЕРЕКШЕ ЭКОАКЦИЯ

Астанадағы кинотеатрлардың бірінде фильм көрсетілімінен кейін келушілер көрермендерден қалған қоқысты жинап, мәдениет пен жауапкершілік үлгісін көрсетті.



Залдан шығар кезде көрермендер бос сусын стакандарын, попкорн қаптамаларын және өзге де қоқысты арнайы контейнерлерге тастап шыққан. Нәтижесінде, сеанс аяқталғаннан кейін зал таза күйінде қалды.

«Егер таза қалада өмір сүргін келсе, ең алдымен өзіңнен, тіпті осындай ұсақ-түйектен бастау керек», — деді келушілердің бірі.

Мұндай әрекет қоғамдық орындарға ұқыпты қараудың және кинотеатр қызметкерлерінің еңбегіне құрмет білдірудің ерекше үлгісіне айналды. Осындай бастамалар жауапты мінез-құлық мәдениетін қалыптастырып, қаланың тазалығы әрбір тұрғыннан басталатынын көрсетеді.

ЗЕРДЕЛІ ОҚУШЫНЫҢ ЖЕТІСТІГІ

Елордадағы №9 «Зерде» мамандандырылған лицейінің 11-сынып оқушысы Аяла Маханбетәлі әлемнің жетекші он университетінен бірден ресми шақырту алды.

Шақырту жолдаған университеттердің қатарында Ivy League құрамына кіретін Harvard University мен Brown University, сондай-ақ University of Cambridge, Stanford University, Massachusetts Institute of Technology (MIT) және әлемдік беделді рейтингтерде көш бастап тұрған өзге де алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындары бар.

Оқушыға ұсынылған қаржылық қолдаудың жалпы көлемі 2 миллион АҚШ долларын құрайды. Аталған қаражат оқу шығындарын толық немесе ішінара өтеуге мүмкіндік береді.

Бұл жетістік әлемнің жетекші университеттерінің заманауи ұстанымын айқын аңғартады.



Бүгінде олар тек үздік талапкерлерді іріктеумен шектелмей, академиялық әлеуеті жоғары мектептермен тікелей серіктестік орнатуға ерекше мән беріп отыр.



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абаал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Банн ЖАНЗІЗАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(707) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-81-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4693
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,